



Алматы музейі:

ҰЛЫ ДАЛА ЖӘДІГЕРЛЕРІ

6



Жаңа тарихи кезең:

НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР

7



ҚАРЫЗ ЖИНАУШЫ

коллектордан қорқудың
қажеті жоқ!

9

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №139 (6432) 21 қараша, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Агроөнеркәсіп кешені:

ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы министріне
бірқатар міндет жүктеді



Президентке еліміздің ауыл шаруашылығы секторының биылғы 10 айда атқарған жұмыстарының негізгі көрсеткіштері жөнінде мәлімет берілді. Мемлекет басшысына Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында бекітілген міндеттердің орындалуы туралы баяндалды, сондай-ақ аталған саланы одан әрі жетілдіруге қатысты жоспар таныстырылды.

Айдарбек Сапаров Қасым-Жомарт Тоқаевқа жиын-терін науқанының қорытындысы, биыл отандық шаруалардың қиын жағдайда жұмыс істегені және Үкімет қабылдаған қолдау шаралары жайында айтты.

Кездесу соңында Президент министрге саланы 5 жыл ішінде дамудың жаңа белесіне шығару, соның ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 2 есе арттыру жөнінде міндет жүктеді. Ол үшін аталған салада мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіруге, шаруаларды жеңілдетілген қаржымен және субсидиямен қамтамасыз етуге, егіс алқаптарын әртараптандыруға және ауыл шаруашылығы ғылымын дамытуға бағытталған құрылымдық және институционалдық реформалар жүргізу қажет.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

ТІРШІЛІК НӘРІ

ЕАДБ ұсынған 10 нақты қадам

Алматыда «Орталық Азияның тұрақты дамуына жәрдемдесу» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті. Жиын аясында Еуразиялық Даму Банкі аймақтағы суды пайдалану мен суармалы алқаптардың тиімділігін арттыруға қатысты нақты ұсыныстарын жария етті. Бұл ұсыныстар аталған халықаралық қаржы ұйымының білікті мамандары жағынан жүргізілген ғылыми зерттеуді негіз еткенін атай кетейік.



(Дереккөз: ortcom.kz).

Су мәселесі – Орта Азиядағы ең күрделі мәселелердің бірі. Әсіресе, еліміз үшін бұл түйткілді шешуде көршілес елдермен тығыз ынтымақ орнату айрықша маңызды. Аймақ елдері жұмыла іске кірісіп, мәселені ертерек қолға алудың қажет екені жыл өткен сайын айқындалып келеді. Себебі, Еу-

разия кіндігіндегі осы бір өңірдің болашақ картинасында су ресурсы қазіргіден де маңызды бола түспек. Тіпті, аймақтың болашағы туралы түрлі болжамдардың арасында су үшін қақтығыстардың орын алу ықтималдығы да қарастырылып жатады. Ұдайы айтылып жататын бейбітшілік пен

тұрақтылық тұрғысынан да алдағы күнде су ресурстары басты фактордың бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Сондықтан да бұл тақырып қазір аймақ елдері ғана емес, сырт тараптың да, халықаралық ұйымдар мен ірі инвесторлардың да назарын өзіне аударып отыр.

3

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.11.2023

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

22.11.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





KGIR-2023

ТИІМДІ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Инвестиция тарту – өсімнің негізгі факторы



VI Жаһандық инвестициялар жөніндегі дәстүрлі қазақстандық «Дөңгелек үстел» (Kazakhstan Global Investment Roundtable) өтті.

Оның жұмысына қатысқан Үкімет басшысы Президент биылғы Қазақстан халқына Жолдауында жаңа экономикалық модельге көшу қажеттігін жариялағанын еске салды. Атап айтқанда, Үкімет алдына 2029 жылға қарай экономика көлемін \$450 млрд-қа дейін, яғни 2 есеге арттыру бойынша ауқымды міндет қойылды. «Инвестицияларды тарту экономикамыздың өсуінің негізгі факторы болып табылады. Ұлттық инвестициялық саясат шеңберінде ESG стандарттарын ескере отырып, Қазақстан 2029 жылға дейін кемінде \$150 млрд шетелдік инвестиция

тартуға мүдделі. Сол үшін біз инвесторларға қолайлы жағдайлар жасауды, оның ішінде инвестицияларды қолдау құралдарын жетілдіруді одан әрі жалғастырамыз», – деді Премьер-министр.

Жаңа реттеуші саясат: тексерулер адами факторсыз тағайындалады

Елімізде кәсіпкерлік қызмет саласында бизнеске қойылатын артық талаптарды алып тастауды көздейтін жаңа реттеуші саясат енгізілуде. Тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру нәтижесінде 1 қаңтардан бастап тексерулер адами факторсыз тағайындалатын болады. Жаңа Салық кодексінің өңдеуші секторды дамыту бойынша ерекше шаралар көзделіп отыр. Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың жаңа кешенді бағдарламасы әзірленуде. Инженерлік-коммуналдық жүйелерді жаңғырту мақсатында «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы іске асырылуда, оның аясында алдағы 6 жылда 3 трлн теңгеге жуық инвестиция тарту көзделіп отыр. Қазақстанда \$500 млн-нан астам соманы инвестициялау кезінде 10 жылға салық заңнамасының тұрақтылығына кепілдік беретін Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім енгізілді.

Ұлттық цифрлық платформа

Үкімет басшысы атап өткендей, жобаларға тиімді мониторинг жүргізу және іске асыруды бақылау мақсатында инвестициялық жобалардың Жалпыұлттық пулы құрылды. Оған \$69 млрд-тан астам соманы құрайтын 1000-ға жуық жоба енген. Сонымен қатар, барлық мемлекеттік органдардың инвестициялық жобалар тарту және іске асырудың бірыңғай онлайн жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз ететін Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа құрылады.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ҰЛТТЫҚ ГИДРОГЕОЛОГИЯ ҚЫЗМЕТІ

жерасты суларын тиімді пайдалану ерекше бақылауда болады

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі жанынан Ұлттық гидрогеология қызметі қайта құрылады, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Қазіргі уақытта осы қызметті қайта құру мәселесімен айналысып жатқан екі басқармасы бар департамент ашылды. Сондай-ақ, Ұлттық гидрогеология қызметінің құрылымы мен жарғылық құжаттары әзірленді, олар жақын арада Үкіметтің қарауына ұсынылатын болады.

Министрлік ұсынысына сәйкес, Ұлттық гидрогеология қызметі жерасты суларын басқару, іздестіру-барлау жұмыстарын және мемлекеттік мониторинг саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және басқа да қажетті құзыреттерге ие болады. Жерасты суларын тиімді пайдалану мәселесі ерекше бақылауда болады.

АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚҰРЫЛАДЫ

Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы Үкіметтің бекітуіне желтоқсан айында енгізілмек. Аталған құжатта бірқатар шаралар қарастырылған. Солардың бірі – даму жөніндегі халықаралық әріптестермен бірлесіп, Қазақстан мен Орталық Азияның трансшекаралық су объектілерінде суды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі жоба әзірле-



неді. Тіршілік нәрінің мөлшерін есептейтін автоматтандырылған жүйені құру жұмыстары «Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру және өңірлік дамыту» жобасы бойынша Қызылорда облысы шегінде Сырдария өзені бассейнінде пилоттық негізде жүзеге асырылмақ. Ең бастысы, су ресурстарының ақпараттық орталығын құру көзделген. Бұл су ресурстары туралы барлық деректерді автоматты режимде ұсынуға, гидрометеорологиялық мониторинг жүйесі негізінде су тасқыны жағдайларын модельдеуге, трансшекаралық су объектілері бойынша деректерді талдауға мүмкіндік береді.

20 ЖАҢА СУ ҚОЙМАСЫ САЛЫНАДЫ

2027 жылға қарай қосымша 2 текше километр суды қамтамасыз ету үшін 20 жаңа су қоймасын салып, жұмыс істеп тұрған 15-ке жуық су қоймасы қайта жаңғыртылмақ. Бұл – Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасы. Іс-қимыл жоспары екі

кезеңге бөлінді. Біріншісі кезеңде Жамбыл, Алматы, Ақмола, Батыс Қазақстан облыстарында 1,7 текше километр суды жинақтайтын 8 су қоймасын салу жоспарланған. Екінші кезеңде Ақтөбе, Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында 12 су қоймасын салу көзделген. Бұдан басқа, 15 гидротехникалық құрылысты қайта жаңғырту жоспарланған. Жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ АШЫЛАДЫ

Каспий теңізін зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғылыми-зерттеу институты құрылады. Қаулы жобасы дайындалды, тиісті органдармен келісіліп жатыр. Биыл құрылатын институттың негізгі жұмысы – проблеманы (Каспий теңізінің таяздануы) зерттеу, шекаралас мемлекеттермен нақты шешімдер қабылдау. Ұйымдық құрылымы, жарғылық құжаттары дайын. Ұлттық гидрогеологиялық қызмет тұжырымдамасы Үкіметке ұсынылады.

● КЕҢЕС

Қазақстан темір жолы:

АЛМАТЫ МАҢЫ АЙНАЛМА ЖОЛЫ

еліміздің транзиттік әлеуетін арттырады



Премьер-министр Әлихан Смайылов «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының қызметі және еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін одан әрі дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Көлік министрі Марат Қарабаевтың айтуынша, биылғы 10 айда жүк тасымалдау көлемі 246 млн тоннаны құраған, бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 3,3%-ға артық. Жыл соңына дейін 300 млн тоннаға жеткізу жоспарланып отыр.

Алдағы жылдары еліміздің транзиттік әлеуетін едәуір арттыратын 1300 шақырымнан астам теміржол салу жоспарланған. Атап айтқанда, Алматы маңы айналма жолы және Достық–Мойынты, Бақты–Аягөз, Дарбаза–Мақтаарал желілері.

Сонымен қатар, қолданыстағы теміржолдарды жөндеу, жаңа локомотивтер мен вагондар сатып алу, стансалар мен вокзал кешендерін жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады. Үкімет басшысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ отандық тауар өндірушілер тарапынан келіп түскен барлық шағымдарды жедел талдап, Көлік министрлігімен бірлесіп отырып, жүк тасымалы кезіндегі кедергілерді жою жөніндегі пәрменді шаралар әзірлеу қажеттігін атап өтті.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұржан НҮРЖІГІТОВ,
ҚР Су ресурстары және ирригация
министрі:

СУ ҚОРЛАРЫНЫҢ САРҚЫЛУЫНА ЖӘНЕ ЛАСТАНУЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Болжам бойынша, Қазақстанда жерасты суларының көлемі шамамен 40 текше километрді құрайды, оның ішінде 15 текше километр – пайдалануға дайын қорлар. Қазіргі уақытта ел экономикасында жерасты суларын пайдалану үлесі небәрі 7–10%-ды құрайды. Біз ауызсумен жабдықтау, суару және жайылымдық мал шаруашылығы үшін жерасты су ресурстарын белсенді пайдалануға ниеттіміз. Бұл ретте еліміздің жерасты су қорларының сарқылуына және ластануына жол берілмейді.

Жерасты суларын мониторингін мемлекеттік желісін қалпына келтіру көзделген. Ал Су кодексінің жаңа редакциясында су үнемдеу жөніндегі жалпыұлттық саясатты қалыптастыру және дамыту енгізілген. Салаға инвестиция тарту мәселесі де қарастырылған. Су кодексінің жаңа редакциясында инвестициялық саясаттың негізгі қағидаттарының бірі мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы инвестициялар тартуды ынталандыруды енгізу жоспарлануда. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу үлесін субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу көзделген.

Айта кетерлігі, өңірлік кооперацияның жаңа моделінің маңызды элементі ретінде су-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану мәселесін көрші мемлекеттермен жан-жақты пысықталып жатыр. Министрлік Орталық Азия елдерінің министрлерімен, даму бойынша халықаралық әріптестермен консультациялар өткізді.

2024 жылы «Аралды құтқару» халықаралық қорына төрағалық Қазақстанға көшеді және біз бұл мәселені белсенді түрде ілгерілететін боламыз. Қазіргі уақытта Орталық Азия елдері арасында су-энергетикалық ынтымақтастық тетігін құру туралы келісімнің жобасы әзірленуде.

Судың «қара нарығын» жою жөніндегі шаралар күшейтіледі. Соның ішінде су саласындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілікті заңнамалық деңгейде қатаңдату қарастырылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: primeminister.kz; ortcom.kz).



Жергілікті өкілді орган:

МЕГАПОЛИС МӘСЛИХАТЫ

депутаттар дереу шешілуі тиіс күрделі мәселелерді кезектен тыс сессияларда талқылайды

Биыл 19 наурызда өткен сайлау жайлы газетіміздің өткен санында («Алматы ақшамы», 18 қараша, 2023 жыл) сараптамалық материал жариялаған едік. Онда барлық деңгейдегі мәслихаттар аралас жүйе арқылы сайланғанын айтқанбыз. Яғни жартысы партия тізімімен, ал қалған бөлігі бір мандатты округтар бойынша сайланды. Мегполис мәслихатына қатысты тақырыпты одан әрі жалғастырмақпыз. Бұл жолы Алматы қаласы бойынша Мәслихат сессиялары жайлы ой тарқатсақ. Себебі, онда жергілікті өкілді орган аясында маңызды заңнамалық мәселелер шешіледі.

Саяси дәстүр мен мәдениет туралы

Әр елде тек қана өзіне тән саяси дәстүр мен мәдениет қалыптасқан. Біздің елімізде сайлаулар заңмен белгіленген уақытында өтпейді деген көзқарас қалыптасқан. Саяси технология бойынша сарапшы мамандар мұны оппозициялық күштердің сайлауға дайындалып үлгермеуі үшін жасайды деген пікірде. Дегенмен, сайлауды ертерек өткізудің себебі бұдан да тереңде жатыр.

Сайлауды ертерек өткізу туралы шешімнің қабылданғаны елде саяси дағдарыс бар екенін білдіреді. 2019 жылы өткен Президент сайлауы да осы логикаға келеді. Саяси ғана емес, өзге де салаларда күрделі құрылымдық өзгерістер керек-ті. Басты себеп, ұзақ жылдар бойы созылып келген билік



(Дереккөз: Мәслихат сайты)

транзиті. Осы орайда кезектен тыс сайлау өтті.

Бұл дәстүр сайлауға ғана емес, Президенттің Жолдауларына да қатысты. Мысалы, өткен жылы екі Жолдау болды. Біріншісі 16 наурызда қайғылы қаңтар оқиғасынан кейін болса, екіншісі жаңа саяси маусымды ашып берген 1 қыркүйекте жолданды. 16 наурыздағы Жолдауды кезектен тыс деуге болады. Себебі, еліміз саяси дағдарыста еді. Сондықтан шұғыл түрде кезектен тыс Жолдау жарияланды.

Бұл үрдіс Мәслихатқа да жат емес

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару заңы бойынша мәслихаттың

кезеңі отырыстары жылына 4 рет өтеді. Ал кезектен тыс отырыс депутаттардың үштен бірінің шешімімен, сондай-ақ әкімнің ұсынысымен шақырылады. Сессия депутаттардың үштен екісі қатысса ғана заңды болады.

Мәслихат өз құзыреті шегінде әрекет етеді. Тиісті аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, соның ішінде қаладағы аудан әкімдері іске асыратын бюджеттік бағдарламаларды бекітеді.

Сессия отырыстары қашан өткен?

Алматы қаласы Мәслихатының VIII шақырылымы сайланғаннан бері 20 қара-

шаға дейін 10 сессия отырысы өтті. Оның 8-і (I, VI және VIII сессиялардан басқасы) кезектен тыс өткен.

Алғашқы сессия 30 наурызда өткен. Ша-раға Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Айгүл Қалыкова және жаңадан сайланған депутаттар қатысты. Сессия барысында VIII шақырылымдағы Алматы мәслихатының төрағасы болып Мейіржан Отыншиев сайланды. Сондай-ақ, тұрақты комиссия төрағалары анықталды. Билеуші партия болып саналатын Amanat партиясы фракциясының басшысы болып Станислав Канкуров сайланды.

Қандай мәселелер қозғалған?

Сайлаулардың не үшін уақытынан бұрын өтетіні туралы жоғарыда жаздық. Ал Мәслихаттардың сессияларына келгенде жағдай сәл өзгеше. Мұнда сессиялар аумақтық деңгейде дағдарыстан кейін, сондай-ақ қалалық деңгейде дереу шешілуі тиіс күрделі мәселелер пайда болғанда шақырылған. Мысалы, 12 мамырда Мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өткен еді. Оған экс-депутат Анна Башинскаямен болған жағдай себеп болды. Естеріңізде болса, оның 29 сәуірде Facebook әлеуметтік желісінде жазған пікірі қоғамда наразылық тудырған еді. Дәл осы оқиға жаңа сайланған Мәслихаттың жұмысындағы алғашқы сын болды. Бұдан соң Анна Башинская өз еркімен депутаттық мандатын тапсырып, Amanat партиясы құрамынан шықты.

Мәслихаттың кезектен тыс сессиялары тек дағдарыс кезінде ғана емес, қала үшін маңызды құжат қабылдау мақсатында да шақырылады. Мысалы, VIII сайланған қалалық мәслихаттың кезектен тыс II сессиясында қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасы мақұлданды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



Орта Азиядағы су түйткілі:

ТІРШІЛІК НӘРІ

ЕАДБ ұсынған 10 нақты қадам

(Басы 1-бетте)

Шын мәнінде, аймақтың болашақтағы тұрақты дамуы мен гүлденуінде сөз етілген тақырыптардың қай-қайсы да өз алдына маңызды. Дейтұрғанмен, біз ел азаматтары әлі де толық ескермей жатқан аймақтағы су мәселесінің маңыздылығын бөле-жара сөз еткіміз келеді.

Сонымен, аталған отырыста ортаға салынған ғылыми деректерді, бағалаулар мен болжамдарды, соған сай ұсынылған нақты ұсыныстарды зерделеп көрейік.

Аймақ мәселелерін талқылаған алаң


Еуразиялық Даму банкі ұсынған алаңда отандық және алыс шетелдерден келген сала мамандары аймақтағы су ресурстары мәселесін талқылады. Қазірге дейінгі қалыптасқан жағдайға баға беріп, су ресурстарын тиімді пайдалану жолдарын қарастырды. Тақырыптың аясында климат өзгерісінің аймаққа тигізетін әсерлері де сөз етілді. Жасалған ғылыми баяндамалар арасында ЕАДБ мамандары ұсынған «Орталық Азиядағы тиімді суару және суды үнемдеу» деп аталатын ауқымды есеп көпшілік назарын аударды. Бұл баяндама еркіз аймақтағы су тапшылығының ең көрнекті себебі тиімсіз ирригация жүйесінде екенін анық білуге болады.

Халықаралық жиын тек аймақтағы су ресурстары мәселесін ғана қарастырмаған жоқ. Орта Азияның тұрақты дамуына қатысты ауқымды тақырыптар сөз етілді. Қатарында инвестиция ағымын қалыптастыру, инвестициялық ұйымдардың аймаққа болған қызығушылығын арттыру, аймақ елдерінің ішкі интеграциясының жай-күйі де жеке-жеке сессияларда сөз болды.

Су тапшылығы: ең негізгі бес себеп

- Елімізді қамтыған Орта Азия аймағы әлемдегі суармалы егін шаруашылығы ең ерте дамыған аймақтың бірі. Әлемдегі суармалы алқаптар көлемінің 2,9 пайызын иеленеді. Әрі аймақтың экономикалық табысы үшін де аса маңызды. Тиімсіз суармалы жүйесіне қарамастан аймақ тұрғындары 66% табысын осы саладан алады. Біз төменде ирригацияны қамтыған Орта Азиядағы су мәселесін ең негізгі проблемаларын тақырыпшалауға бөліп айтып өтелік (келтірілген деректерді ЕАДМ ұсынған).

Тиімсіз суармалы (ирригация) жүйе: ЕАДБ мамандары ұсынған ғылыми деректерге сай, аймақтағы су тапшылығының ең негізгі себептерінің бірі – тиімсіз ирригация жүйесі. 2020 жылғы есепке сай ОА-дағы бес елде суармалы егін алқаптарының жалпы көлемі 10,1 миллион гектар. Осының жартысына жуығы, яғни шамамен 4,3 млн/га суармалы алқап Өзбекстанға тиесілі. Суармалы егін шаруашылығына негізделген экономиканың бұл секторы барлық тұтынатын су қорының 80 пайызын иеленеді (2020 жылы жалпы 127,3 км³ су пайдаланылған болса, осының 100,4 км³ көлемі суармалы алқаптарға кеткен). Әрі аймақтағы ирригация жүйесі ұзақ уақыттан бері суды тиімсіз пайдаланатын сала ретінде айтылып келе жатыр. Себебі, суары-



латын алқаптардың 50 пайызында топырақ қабаты сор тартқан. Ирригациялық жүйе инфрақұрылымдарының қолданыста болуы 50 жылдан асып кеткендіктен, түгелге жуық жаңартуды қажет етеді. Бұндай ескірген суару жүйесінің себебінен егін алқаптарына бағытталған судың 40%-ы тоған-арықтарға сіңіп кетеді. Міне, мұндай тиімсіз жүйе, аймақтағы су қорының өте көп бөлігін ысырап етуде. Сондықтан да отандық және шетелдік ғалымдар осы саланы ертерек ретке келтіруге көбірек кеңес беруде.

Су қорының табиғи тапшылығы: Бұл – аймақтың айқын географиялық ерекшеліктерінің бірі. Су қоры тапшылығы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын басты шектеуші фактор деуге де болады. Әрі ол жылдан-жылға ауырлай түсетін салмақты мәселе болуы мүмкін. Әлемдегі басқа өңірлермен салыстырғанда, ОА-да температура тез көтеріледі. Маусымаралық температуралық парық өте зор. Бұл табиғи өзен-көлдегі су қорының булану процесін тездететін табиғи фактор.

Климат өзгерісінің әсерлері: ОА әлемде климат өзгерістері ең айқын көрініп жатқан аймақтар қатарына жатады. Ғалымдардың пікіріне сай, Орта Азия аймағы климат өзгерістеріне көбірек зардап шегетін аймақ болуы мүмкін. Өңірде құрғақшылық пен су тапшылығы кезеңдері жиілеп, мерзімі де барған сайын ұзара түсуде. Оған қоса өзен-көлдердің гидрологиялық режимдері өзгеріп жатыр. Бұл жерасты су қорларына да қатысты екенін айта кеткен жөн. Ал аймақтағы мұздықтар қарқынды еріп жатқаны көптен айтылып келеді. Айталық, соңғы 30 жылда ОА тауларындағы мұздықтардың 30 пайызы еріп жоғалған.

Тұтыну қажеттілігі жыл сайын өсуде. Аймағымызда халық саны тым тығыз болмағанымен, демографиялық өсімі қарқынды аймақ ретінде қарастырылады. Халық санының өсімі және біртіндеп ұлғая түскен өнеркәсіптің, ауылшаруашылығы мен тұрмыстық қажетсінуінің көлемі де су қорына өз әсерін тигізуде. Бұл салаларда да суды тиімсіз пайдалануға қатысты мәселелер көп.

Ауғанстан факторы: Бұл мәселе қазір айрықша аталып жатқан жоқ. Өйтсе де, аймақтағы су мәселесінде өзіндік орны бар. Ауғанстандағы ұзақ жыл жалғасқан соғыс ондағы ауылшаруа-

шылығы мен өнеркәсіптің суды пайдалану мөлшерін тежеп келді. Қазір салыстырмалы түрде тұрақтылыққа бет алған ауған жұрты енді өз территориясындағы су қорларын пайдаланудың жаңа деңгейіне өтетінін аңғартуда. Айталық, тәліптердің жаңа канал құрылысын бастауы ОА елдерін белгілі деңгейде алаңдата бастады. Болашақта Ауғанстанның өз территориясынан өтіп біздің аймаққа кіретін су қорларын игеруі арта түссе, бұл ОА-дағы су мәселесін тағы бір есе қиындата түсуі мүмкін.

Су тапшылығының алдын алуға бағытталған ұсыныстар

- Аталған халықаралық банк мамандары аймақтағы су пайдалану мен суармалы алқаптардың тиімділігін арттырудың 10 нақты қадамын ұсынған болатын. Бұл қадамдар 2028 жылға болуы мүмкін су тапшылығының ең ауыр жағдайларының алдын алуға бағытталған ұсыныстар саналады.

- Орта-азиялық су-энергетикасының халықаралық консорциумын құру (ОА ХСЭК): бұл құрылым энергетикалық жобалармен қатар ирригациялық жобаны қолға алып, үйлесімділігін қамтамасыз етеді;

- Ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын консорциумдар құру: бұл ирригация сынды маңызды жүйеге ірі инвестиция тарту мәселесін шеше алады;

- Заманауи ирригациялық жабдықтардың аймақтық өндірістік-қызметін құру: ОА әлемде бесінші, яғни 140–320 млн доллар көлеміндегі ирригация жабдықтарын қажет ететін ірі нарық;

- ОА Ауғанстанмен байланыс бойынша консолидация құру: аймақтың су мәселесіндегі Ауғанстан факторын реттеуде маңызды рөл атқарады;

- Аймақтағы ирригация жүйесін жаңартуға инвестиция тарту: бұл аймақтың ирригациясын тиімді етудегі алғышарт.

- Аймақта өндірістер арасында су пайдалану қауымдастықтарын құру: яғни бір салада пайдаланған суды екінші сала қайта пайдаланатын жүйе құру;

- Тарифтерге инвестициялық төлемдерді біртіндеп қосу: бұл ирригациялық жүйелер мен су құрылысының жаңартылуына ықпал етеді;

- Тамшылатып суару мен бүркіп суару жүйелерін дамыту: бұл топырақ қабатының сортаңдануын бауалататын, әрі су қорын екі еседен көбірек үнемдейтін әдіс;

- Су шаруашылықтарын толық цифрлық жүйеге ауыстыру: суды рационалды пайдалануға мүмкіндік береді;

- Суарудың заманауи технологияларын жетілдіру: суарылатын алқап көлемін нақты белгілейтін лазерлік жүйелерді енгізу сынды жолдарды қамтиды.

ТҮЙІН: Егер аймақтың су мәселесін терең қарастырсақ, бұл айтылған 10 нақты ұсыныстың қисынды негізі бар екенін білуге болады. Өйтсе де, еліміз бен аймақтағы су мәселесін шешудің ең бастапқы жолы бұл емес. Ең бірінші қадам ел азаматтарының, тұтас аймақ тұрғындарының назарын олардың өз болашағына қатысты осы мәселеге аударту болуы тиіс. Онысз ешбір жоба жүзеге аспауы мүмкін.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





БАЙҚАУ

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ
ҰЛЫҚТАЛДЫ

Қазақстан–Британ техникалық университетінің ұйымдастыруымен Алматы қаласы бойынша техникалық жоғары оқу орындары студенттері арасында «Алаш зиялылары жастар көзімен» атты байқау ұйымдастырылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Байқау барысында Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев секілді ұлт зиялыларының ғұмыры мен шығармашылығын танытуға ықпал ету арқылы жастарды елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуді, болашақ ұлт мамандарының креативті ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, сөз мәдениетін дамытуға мотивация тудыруды мақсат етті.

– Бұл Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығы, сонымен қатар Мағжан Жұмабаев пен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығы сияқты Алаш зиялыларының мерейтойларына орай ұйымдастырылып отырған іс-шара. Қазақстан – Британ техникалық университетінің ұйымдастыруымен және Жастар саясаты басқармасының қолдауымен осындай студенттер арасында жарыс өтіп жатыр. Бұл байқауға жоғары оқу орындарындағы техникалық мамандықта оқитын студенттер қатысты. Жалпы жүлде қоры 500 000 теңгені құрап отыр. Бізге демеушілік көрсеткені үшін «Dauletten қайырымдылық

қоры» мен Samsung компаниясына алғысымызды білдіреміз, – деді Қазақстан–Британ техникалық университетінің әлеуметтік және тәрбие сұрақтары бойынша проректоры Екатерина Смолякова.

Байқау білімгерлердің бәсекелестік қабілеттерін шыңдауға, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін мен функционалдық сауаттылықтарын анықтауға бағытталды.

– Бұл іс-шара жастар үшін өте маңызды. Алаш зиялыларының бізге мұра етіп қалдырған еңбектері студенттер арасында дәріптелуі керек. Біз үшін осындай қалалық деңгейдегі, патриоттық сезімді оятып, рухани бағытта студенттерді дамытатын жарыстарды қолдау міндет. Қазақстан–Британ техникалық университетінің Тәуелсіздік залында осындай үлкен жарыс ұйымдастырылып отыр, – деді Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Ғазиз Оралбекұлы.

Байқау соңында әділқазылар алқасы жеңімпаздарды анықтап, дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен марапаттады.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

АҚЫНҒА АРНАЛҒАН
БҰРЫШ

Ақын, жазушы, «Алаш» Халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты Рафаэль Ниязбековтың құрметіне Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде «Ата қазақ» көрмесінен арнайы бұрыш ашылды.

Бұрышқа ақынның шығармалары, ордендері және марапаттары қойылған. Іс-шараға барлық жақындары, достары және бірнеше қонақтар қатысты. Ақынның жақсылығын асырып келгендер, өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, ақынды еске алысты.

– Рафаэль Ниязбеков ақын, батыр, жазушының құрметіне тұңғыш рет көрменің ашылып отырғанына өте қуаныштымын. Көзі тірісінің өзінде осы Алматы мемлекеттік архивіне құжаттарының түпнұсқасын өз қолымен тапсырған болатын. Бұл көрмеге үйде қалған Шешенстаннан сыйлыққа берген қылыштарды, сонымен қатар барлық ордендері мен марапаттарын әкеліп отырмын, – деді Рафаэль Ниязбековтың жары Гүлжан Мұхамедиева.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының архивтер құжаттама бөлімінің басшысы Мария Тұрмұхаметова өзінің ойымен бөлісіп, құттықтау сөзін сөйледі.

– Алматы қаласы мәдениетінің өркендеуіне, дамуына үлес қосқан Рафаэль Ниязбектің аты ешқашан өшпейді. Қор құжаттарымен қатар, жеке құжаттарын қабылдап алып, архивтен арнайы бұрыш ашып отырмыз. Ол кісінің алған атақтары мен жазған еңбектері өте көп, елуден астам кітаптары жарық көрген. Ал архивке тапсырған құжаттардың түп нұсқа болғаны өте маңызды. Себебі, түпнұсқа өзінің құндылығын ешқашан жоғалтпайды. Ақынның поэзиясы жоғары бағаланады және дәріптелуі қажет. Сондықтан біз мектептермен тығыз байланыс орнатып отырмыз. Жас ұрпақ осындай мықты ақындарды танып, еңбектерін оқып өсуі керек, – деді М.Тұрмұхаметова.

СЕМИНАР

ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМҒА
ТОСҚАУЫЛ

Ақшаны жылыстатумен күрес – өзекті мәселе

Алматыда «КЕҰ-ға қатысты ФАТФ 8 ұсынысының қолданылуын түсіндіру» тақырыбында семинар өтті. Семинарда білікті сарапшылар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру сияқты өзекті мәселелермен күрес туралы сөз қозғады.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

Биыл 20 қарашада өткен семинарда «Ұлттық және Халықаралық Даму Бастамалары Институты» қоғамдық қоры («ИНМИР» ҚҚ) өткізді. Қоғамдық ұйым еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде ұйымдастырды.

Семинарда оны ұйымдастырушы ұйымның басшысы, сарапшы Светлана Ушакова мен осы сала бойынша тәуелсіз сарапшы Айгуль Каптаева және жаттықтырушы-сарапшы Татьяна Зинович сияқты мамандар жаттықтырушы болды.

Өңірлік семинарға Алматы, Шымкент қалаларынан, Жетісу, Алматы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарынан 60-тан астам өкілдер келді. Коммерциялық емес ұйымдардың басшылары мен олардың өкілдері, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілер қатысты.

Мұндай семинарлар өңіраралық тәсіл арқылы өткізіледі. Яғни Алматыда оңтүстік өңір өкілдері қатысты. Семинар онлайн және офлайн форматта өтті. КЕҰ өкілдерімен қатар министрлік өкілдері де онлайн байланысқа шығып құттықтау сөздерін жеткізді. Жалпы, ФАТФ қылмыстық кіріс-

терді жылыстату және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында әлемдік стандарттарды әзірлеумен айналысатын, сондай-ақ ұлттық жүйелердің осы стандарттарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асыратын үкіметаралық ұйым. Яғни мемлекеттік емес, халықаралық ұйым болып табылады. Қазақстан ФАТФ-тың Еуразиялық тобының мүшесі және олардың ұсыныстарын орындау бойынша бірқатар міндеттемелер (жалпы саны – 40) алған.

Семинар заңсыз ақша айналымына тосқауыл болуда игі бастама болмақ.

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ

АЛМАТЫДА АУҚЫМДЫ ТРЕНИНГ ӨТТІ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АҚШ, Испания, Швеция, Финляндия, Германия, Норвегия, Ұлыбритания, Ресей және тағы басқа да 10-нан астам елден 30-дан астам сарапшы сабақ өтті.

«Басты мақсатымыз – қаламыздағы мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі мамандардың біліктілігін арттыру», – дейді ауқымды іс-шара туралы пікірімен бөліскен Алматы қалалық Білім басқармасының Мектепке дейінгі бөлімінің бас маманы Ұлжан Батырбаева. Ол сондай-ақ аталмыш жобадан біздің мамандар сабақтарға қатысып қана қоймай, өзара пікір алмасу мүмкіндігіне де ие болатынын айтады. Сол арқылы жаңа идеялар тауып, оларды өздерінің практикалық жұмыстарында қолданады деген сенімде.

Айта кетейік, бұл жоба Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бас жоспары аясында өтуде. Әрі елімізде алғаш рет өткен ауқымды жоба. Қалалық Білім басқармасы себепші болған іс-шараның балабақшалардағы білім беру сапасын жоғарылатуға, мамандардың кәсіптік білімін жетілдіруге мол пайдасын тигізгені анық. 15–18 қараша аралығында өткен іс-шараның ауқымы мен қамтыған тақырыптарына қарай отырып осындай сенім артуға болады.

Естай
БОЖАН

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында мектепке дейінгі білім беру орындарының педагогтары үшін тренинг өтті. Оған ең үздік отандық және шетелдік сарапшылар қатысты.

Отандық және шетелдік спикерлер қатарында мектепке дейінгі білім беру саласының ең үздік сарапшылары, педагогтары мен практиктері, сондай-ақ, балабақшалардың директорлары да бар. Мамандар қазіргі кездегі балабақшаларда білім берудің ең жаңа әрі озық тәжірибелерімен бөлісіп, инновациялық технологиялардың қолдану әдістерін түсіндірді. Бұл тренингтен Алматыдағы 192 мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің 2210 педагогтары дәріс алды.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Тағы бір жаңа бағыт ашылды

Алматы қаласы маңындағы қоғамдық көлік қозғалысын дамыту мақсатында Алматының қалалық Мобильділік басқармасы биыл 20 қарашадан бастап №234 қала маңына қатынайтын маршрут ашты.

Бұл бағыт «Еламан» кентінен «Алтай-1» (ВАЗ) шағынауданына дейін жүреді. Маршрутта қозғалыс аралығы 20 минуттан тұратын 10 автобус бар.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы агломерациясын дамыту аясында 2023 жылы қалалық Мобильділік басқармасы 25 елдімекенді қамтитын 10 жаңа

қала маңына қатынайтын маршрут ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Бұрын 6 маршрут ашылған, қалған 4 бағыт әзірленіп жатыр.

Бұған қоса, Алматы және Алматы агломерациясын дамыту жоспарына сәйкес, 2024 жылдың соңына дейін 20 жаңа қала маңы маршрутын ұйымдастыру жоспарға енген, бұл 50 елдімекенді қамтамасыз етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

АЛМАТЫ – «АҚЫЛДЫ ҚАЛА»

мегаполисте ақпараттық технологиялар саласы қалай дамып жатыр?

Қазір әлем ақпараттық жүйеге жіпсіз байланған. Алып шаһар Алматы үшін де сандық технологиясыз алға басу мүмкін емес. Цифрландыру әлемдік ауқымдағы трендке айналған заманда мегаполисте де ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктер болуы шарт.



**Құралай
ИМАНБЕКҒЫЗЫ**

Алдымен, Алматының цифрлық мәдениетін кешенді дамытуды қамтамасыз ету үшін 2019 жылдың қыркүйек айында «Алматы қаласы Цифрландыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылғанын айта кеткеніміз жөн. Аталмыш басқарманың қаланы сандық жүйеге ауыстыру мақсатында жұмыс істеп келе жатқанына көп те уақыт өткен жоқ. Соған қарамастан бүгінгі Алматы цифрландыруға ену деңгейі жағынан Қазақстандағы ең жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Қазір қалада мемлекеттік қызметтердің 96%-ы цифрлық форматта жүргізіледі. Қуанарлығы, бұл көрсеткіш күн санап өсіп келеді.

Қаладағы цифрландыру деңгейін бағалау сандық инфрақұрылымның қолжетімділігі, мемлекеттік қызметтер саласында технологияларды пайдалану және жалпы технологиялық экожүйе сияқты әртүрлі факторларды қарастыруды көздейді. Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Олжас Жаңабектің айтуынша, аталмыш сала бойынша Алматының жеткен жетістіктері көп. Солардың бірі ретінде 2023 жылдың қыркүйегінде Алматының «Geo-Analytics.kz» платформасы Сеулде өткен байқауда үздік инновациялық жоба ретінде танылғанын айтуға болады.

«Ақылды қала» сыйлығы – биыл алғаш рет өткен жаңа халықаралық байқау. Оны Сеул Үкіметі (Seoul Metropolitan Government) және Дүниежүзілік ақылды тұрақты қалалар ұйымы (WeGO) жаңа технологияларды енгізуде мегаполистерді ынталандыру мақсатында бекіткен болатын. Қазылар алқасы жобаларды Tech-Innovaci, Human-CentriCity және LLeadership деген үш номинация бойынша бағалаған.

Міне, осы сайыста Алматы «Geo-Analytics.kz» инновациялық жобасы үшін Tech-InnovaCity номинациясы бойынша сыйлықтың қола жүлдегері атанды. Веллингтон (Жаңа Зеландия) алтын, Мадрид (Испания) және Лос-Анджелес (АҚШ) осы номинацияда күміс жүлдені алды.

Байқауға 240 өтінім келіп түсті: инновациялық шешімдерді ұсынған қалалар



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ғана емес, сонымен қатар бірегей технологиялық өнімдерді әзірлеген жеке компаниялар да қатысты.

«Ақылды қала» сыйлығы Сеул басқаратын WeGO халықаралық қауымдастығының қолдауымен өтеді. WeGO 160 қаланы, 37-ден астам жоғары технологиялық компанияларды және қалалық процестерді автоматтандыру үшін инновацияларды дамытуға және жасанды интеллектті енгізуге бағытталған 18 халықаралық зерттеу ұйымдарын біріктіреді.

Өткен жылдың шілде айында Алматы әлемдегі жетекші ThoughtLab зерттеу компаниясының (Нью-Йорк) бағалауы бойынша цифрлық даму стратегияларының дайындығы бойынша алғаш рет Азиядағы үздік қалалардың бестігіне енді. Өткен жылдың қыркүйегінде Алматы қаласы «Алматы деректер көлі – Бірыңғай деректерді сақтау» жобасымен IEEE Smart Cities Awards халықаралық «ақылды қалалар» байқауының финалисі болды.

Алып шаһарды сандық жүйеге көшіру жұмыстары жөнінде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаламызда жақында ғана өткен V халықаралық «Digital Almaty 2023: жаңа болмыстағы цифрлық әріптестік» цифрлық форумында да атап өткен болатын.

Шаһар басшысының айтуынша, қаланы дамыту бағдарламасындағы жеті бағыттың бірі – «Алматы – Смарт-сити» құру.

– Биыл күзге қарай Сингапур мен Шанхай мегаполистерінің баламасы секілді қаланың «цифрлық егізін» жасауды бастау

жоспарланып отыр. Алматыны одан әрі дамыту үшін маңызды жобалардың бірі қаланы басқаруды жақсартуға мүмкіндік беретін басқа да жүйелі платформалық шешімдер қабылдау қажет. Мысалы, қала деректерін сақтаудың бірыңғай қоймасы, Геоаналитика бірыңғай платформасы. Бейнемониторинг бірыңғай жүйесі биылдың өзінде Алматының 80%-ын қамтиды. Бұл цифрландыру үшін жасалатын цифрландыру емес. Бірінші кезекте қолайлы қала ортасын құру және қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жасалады, – деді Ерболат Досаев форумда сөйлеген сөзінде.

Миллиондаған тұрғыны бар Алматыны бірыңғай бейнемониторинг жүйесі барынша қауіпсіз қалаға айналдырып отыр. Бүгінде қала мектептері, ауруханалар мен қоғамдық орындардың барлығы толығымен бейнекамералармен бақыланады. Осы құрылғылардың көмегімен мегаполис өмірінің барлық бейнесін алақандағыдай анық байқауға болады.

IT МАМАНЫН ДАЯРЛАУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Алматының цифрлық саясаттағы даму қарқынын бұдан да жоғары нәтижеге жеткізуі үшін бізге инновация мен технология тілін түсінетін, оны жүргізетін мамандар қажет екені анық. Өйткені, IT-саласын дамытпай ақпараттық технологияны басқару мүмкін емес. Ол үшін мықты айтишниктер қажет екені сөзсіз.

IT маманы, бұл – тәжірибені көп керек ететін, еңбекті көп қажет ететін мамандық.

Сала мамандарының айтуынша, бүгінде аталмыш мамандыққа сұраныс бұрынғыдан да арта түскен. Олар айтишник болу үшін барлық елдің тәжірибесінен хабардар болу керек деп есептейді.

Ашық дереккөздерінен ұққанымыз, әлемдік рейтинг бойынша ең қажет мамандықтар тізімінде IT-мамандар екінші орын алады екен. Бұл бағытта Алматыда да атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Мәселен, 2022 жылы Алматы қаласының цифрландыру басқармасы Most Business Incubator-мен бірлесіп, үш жылдық ауқымды бағдарламаны іске қосты. Оның шеңберінде IT-саланы қолдауға бағытталған 95 жоба іске асырылуы тиіс.

Олардың қатарында инкубациялық акселерациялық бағдарламалар, бағдарламалау мектептері, хакатондар, Startup – weekend, Startup expert бизнес-кездесулері, бизнес-періштелер мектептері, стартап-баттл форматындағы Demo Day, бағдарламалар – біз венчур және блокчейн – технологиялар тақырыбына арналған масштабтау және форумдар бар. Бұл жобалардың барлығын Алматы қаласының цифрландыру басқармасы қолдауымен іске асырылмақ. Бірінші жартыжылдықта өткізілген бағдарламалардың нәтижесінде венчурлық қорлар мен бизнес бойынша стартаптарға 5 миллион доллардан астам инвестиция салынды.

Цифрландыру басқармасы басшысының айтуынша, бүгінде жеке инвесторлардың қолдауының арқасында қалада 9 мың шаршы метр коворкинг-кеңістігімен бірлесіп, ауданы 4 мың шаршы метрден асатын екі мың лицензияға арналған Ecole 42-Academie en Informatique Француз бағдарламалау мектебінің моделі бойынша жаңа буынды бағдарламалау мектебі құрылып жатыр. Бұл IT-секторды дамыту үшін толыққанды орта болмақ.

● ТҮЙІН:

Қорыта айтқанда, Алматы халқы «Электронды үкіметтің» тиімділігін хәм игілігін көріп-ақ жатыр. Бұл күнде бұрынғыдай ұзын-сонар кезекте тұру, әр мекеменің есігін қағу секілді машақаты көп тірлік келмеске кетті. Қазір тұрғындар кез келген қажетті анықтаманы үйде отырып, онлайн ала алады. Алдағы уақытта «Электронды үкіметті» қолданушылар саны бұдан да артатыны анық. Осылайша халық арасында барлық қызмет 100% қолжетімді болады. Ал ол бұқара мен билік арасындағы байланысты нығайта түседі.

ТУРКИЯ – 100

Илбер ОРТАЙЛЫ, профессор:

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ

ортақ тарихы мен мәдениетінен қол үзе алмайды

Алматыдағы Еуразия ғылыми-зерттеу институтында түркиялық тарихшы-ғалым, доктор әрі профессор Илбер Ортайлымен кездесу өтті.



Естай
БОЖАН

Жүздесу «Түркия Республикасының 100 жылдығында Түркі мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастар» деген тақырып аясында ұйымдастырылды. Түркі тілдерін, мәдениеті мен этнографиясын, тарихын терең зерттеген ғалым түркі интеграциясының қазіргі мен болашағы жайында өз ойларын ортаға салды.

• *Илбер Ортайлы Түркияға және түркі елдеріне есімі көптен таныс тарихшы. Ол кезекті сапарында еліміздегі бірнеше ұлттық университеттерде кездесулер өткізді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен кездесуде оған ұлттық университеттің құрметті профессоры атағы берілді.*



Илбер Ортайлының айтуынша, түркі халықтары арасындағы мәдени байланыстар көп жыл үзіліске ұшырады. Елдер арасындағы байланыс сыртқы күштер жағынан шектеліп келді. Ұзақ уақыт мәдени алмасу болмаған-

дықтан, тамыры бір халықтардың тілдері мен танымдары бір-бірінен алшақтай бастаған болатын. Алайда, қазір тәуелсіз түркі мемлекеттері өзара қарым-қатынасты дамыту үстінде. Барлық түркі халықтары өзара түсіністік орна-

ту кезеңінде. Мұндай тиімді үдеріс бауырлас елдер тілдерін де біртіндеп жақындата түседі, бұл бағдарда саяси іс-қимылдардан гөрі мәдени алмасулар көбірек рөл ойнайды.

Илбер Ортайлымен кездесуге

Түркияның Алматыдағы Бас консулы Эврен Мүддеррисоглы бастаған дипломаттар, қазақстандық ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, Алматыдағы түркиялық және өзге түркі елдерінен келген жастар қатысты.

Біздің «Алатау Ақпарат» медиахолдингінің ұжымы аталған ғылыми-зерттеу институтымен тығыз әріптестік қарым-қатынаста. Бұл институттағы әрбір маңызды кездесулерге, ғылыми конференцияларға медиахолдинг әрдайым ақпараттық қолдау көрсетіп келеді. Кезекті кездесуге де ұжым өкілдері арнайы барып қатысты.

Жүздесу аясында профессор Илбер Ортайлы көпшіліктің қойған сұрақтарына жауап берді. Ол түркі халықтарының интеграциясы бірнеше ұрпақтың құлшынысы арқылы жүзеге асатынын баса айтты. Сонымен бірге, қазір барлық түркі халықтарының жас буынына дамыған, кең қолданысқа ие тілдердің қатты ықпал етіп жатқанын, бұл түркі халықтарының ішкі интеграциясына көп кедергі келтіретінін айтты. Әрі осы мәселеге көбірек алаңдайтын жеткізді.

КӨРМЕ

ҰЛЫ ДАЛА ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Алматы музейі Италияға 140-тан астам экспонат апарды

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, Неаполь (Италия) қаласында Алматы қаласы тарихы музейінің Қазақстан Республикасының Италиядағы Елшілігімен бірлесіп ұйымдастырылған «Қазақстан көшпенділері: тарихы мен бүгіні» атты көрмесі ашылды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Ашылу салтанатына TURKSOY халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев, ҚР-ның Италиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Ерболат Жембаев, Неаполь қаласының мэрі Газтано Манфреди, ҚР-ның Италиядағы Құрметті консулы Валентина Мацца ханым және басқа да ресми тұлғалар қатысты. Қызықты артефактілерден басқа, қонақтарға қазақ халқының ұлттық тағамдары ұсынылды.

Қазақстан мен Италияны тек саясат пен экономика ғана емес, сонымен қатар Ұлы Жібек жолы дәуірінен бастау алған тарих пен әйгілі венециялық көпес Марко Полоның Ұлы даланың шексіз кеңістігі арқылы жасаған саяхаттары жақындастырады. Италиямен дипломатиялық қатынастар 1992 жылы 21 тамызда орнаған. Қазақстанның Италиядағы мәдениет күндері алғаш рет 2013 жылы өткізілді. Қазақстан мәдениетін әлемдік мәдени кеңістікке интеграциялаудың маңызы зор, өйткені бұл құндылықтар алмасуға, мәдени әртүрлілікті кеңейтуге және халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етеді.

Ал аталмыш көрменің мақсаты – Қазақстан мен Италия арасындағы мәдени байланыстарды одан әрі нығайту, сондай-ақ Ұлы дала халқының тарихымен, көш-

пенділер мәдениетімен, атап айтқанда көшпелі қазақтардың дәстүрлерімен, тұрмысымен, философиясымен және дүниетанымымен таныстыру.

Неаполь қаласының Castel Nuovo қамалында ұйымдастырылған «Қазақстан көшпенділері: тарихы мен бүгіні» көрмеге бірлестік қорынан 140-тан астам экспонат қойылды. Бірлестік музейлерінің қоры мен коллекциялары үнемі жаңа артефактілермен толықтырылып отырады. Біздің музейлер тарихи жәдігерлерді сақтап және насихаттап қана қоймай, ғылыми-білім беру орталықтарының қызметін де атқарады.

Көрме өтіп жатқан жердің тарихы да қызықты. Castel Nuovo (Анжуй қамалы) – Анжуйлық Чарльз I-дің құрметіне салынған сарай. Ол Неаполь қаласының орталығында орналасқан. Шетелден туристер ең көп баратын орындардың бірі. Ғимараттың биіктігі 50 метрден асады.

– Алматы қаласы музейлер бірлестігі Қазақстанның қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысып жүр. Оның үлесінде 2022-2023 жылдары ерекше дамыған халықаралық ынтымақтастықтың кең бағдарламасы бар. Мәселен, бұған дейін Сеул (Корея Республикасы), Стамбул (Түркия) қалаларында үлкен жетістікпен өткізілген халықаралық көрмелерді атауға болады. Біздің шаһардан Италия төріне жеткізілген құнды жәдігерлер арасында киіз үй жабдық-



тары, ат әбзелдері, тұрмыстық заттар, зергерлік бұйымдар, музыкалық аспаптар бар. Италия

көрермендерінің ықыласы керемет! Олар біздің жәдігерлерді бір ай бойына тамашалай алады, –

дейді Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Сағындықова.



● ПРЕЗИДЕНТТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢ:

НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасын ұсынғанына бір жыл өтті. Онда Президент жаңа тарихи кезеңдегі республиканың негізгі даму бағыттарын белгілеп бергені белгілі. Президент тұжырымдағандай, басты мақсат – Қазақстанда әділеттілік орнату: «Мемлекет монополияларды жояды, табыстың әділ бөлінуін қамтамасыз етеді. Қолынан іс келетін еңбектенем деген әр азамат өзіне лайықты жұмыс табады. Көмекке мұқтаж кез келген азамат мемлекет пен қоғамнан қолдау көреді».

Әлеуметтік сала: мемлекеттік қолдау

■ Жақында ғана Мемлекет басшысы «Ұлттық қор – балаларға» жобасын 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу үшін заңнамалық түзетулерге қол қойды. Оның аясында Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы 18 жасқа дейінгі барлық бала арасында бөлінетін болады. Бала қаражатты көмектестіретін жасқа толғаннан кейін білім алуға немесе баспана сатып алуға пайдалана алады.

■ 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көбейді. Осының арқасында әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда барлық сала бойынша жұмыс істейтін шамамен 1,8 млн жалдамалы қызметкердің табысы өсті.

■ Бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы мен әлеуметтік төлем беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға дейін ұзартылды. Осы жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша шамамен 632 мың ата-ана 258 млрд теңгеден астам сомаға төлем алды.

■ Бұрын тауар түрінде берілген атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылар қатарынан 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет монетизацияланды. Биылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 6 млрд теңге сомасына 182 мың балаға қосымша төлем тағайындалды.



Отбасының цифрлық картасы

■ Түрлі инстанцияларға жүгінбей-ақ, проактивті форматта мемлекеттік қолдау көрсетуді қарастыратын **Отбасының цифрлық картасы (ОЦК) енгізілді**. Мысалы, әлеуметтік қызмет алушыға 1414 бірінғай байланыс орталығынан SMS хабарлама жіберіледі. Хабарлама алған азамат оған келісімі туралы жауап беруі қажет. Өтінішті толтыру және жәрдемақыларды немесе төлемдерді тағайындау **автоматты түрде** жүзеге асырылады, осыдан кейін қаражат қызмет алушының банктік шотына аударылады.

■ **Цифрлық карта** мемлекеттік органдардың қолданыстағы барлық ақпараттық жүйесіндегі деректер негізінде қалыптасады. Бүгінгі таңда онда 6 млн-нан астам отбасы туралы мәлімет жинақталған. **Отбасының цифрлық картасы қандай да бір өтініштерсіз жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 10 түрін рәсімдеуге мүмкіндік береді:**

- еңбекке қабілеттілігін жоғалту жағдайы бойынша әлеуметтік төлем;
- жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлем;
- асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер немесе жәрдемақы;

- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-анаға (қамқоршыға) жәрдемақы;
- мүгедектігі бойынша жәрдемақы;
- көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы;
- «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға жәрдемақы;
- атаулы әлеуметтік көмек;
- жерлеуге берілетін бір реттік төлем.

Отбасының цифрлық картасы арқылы зейнетақы төлемдерін алу мүмкіндігі, тағайындалған/ұзартылған «қандас» мәртебесі мерзімінің аяқталуы және жұмыссыз тұлғаларды жұмыспен қамту шаралары туралы автоматты хабарламалар жасалады.

Жұмыспен қамту

- 2029 жылға дейін 3,3 млн-нан астам азаматты жұмыспен қамту міндетін жүзеге асыру үшін 450 мың жаңа жұмыс орнын құру, оның ішінде жастарға арналған 200 мың жұмыс орнынмен (44%-ын) қамтамасыз ету бойынша жүйелі шаралар қабылданды.

- Жұмысқа орналастыру ұлттық жобалар, кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, мемлекет тарапынан субсидияланатын жұмыс орындары арқылы және т.б. арқылы жүзеге асырылып жатыр.

- Өкімдіктерде өңірлік жұмыспен қамту карталары бекітілген, оған сәйкес 911 мың адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Жыл басынан бері 847 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды, оның 420 мыңнан астамы – жастар.

- Уақытша жұмыссыз қалған азаматтарды қолдау жүйесі, оның ішінде жұмысынан айырылу бойынша төленетін әлеуметтік төлемдер көлемін кірістің 45%-ына дейін ұлғайту арқылы күшейтілді. Оны 1 қарашадағы жағдай бойынша 37,8 млрд теңге сомасына 172,3 мың адам алды.

- Еңбек заңнамасын либеризациялау және жұмысқа алудың жаңа формаларын (қашықтан жұмыс істеу, икемді жұмыс кестесі, жарты күндік жұмыс күні) дамыту мақсатында осы жылдың 1 шілдесінен бастап тиісті түзетулер енгізілді. Осылайша ресми түрде келесі режимдер пайда болды: бірлескен жұмысқа орналасу, икемді жұмыс кестесі, тараптардың келісімі бойынша 4 күндік жұмыс аптасы (5 күндік немесе 6 күндік жұмыс аптасына кезектестіру құқығымен) және платформалық жұмыс.

- Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарының қатарындағы, оның ішінде мүгедектігі бар кәсіпкерлерге 9 мыңнан астам грант (400 АЕК-ке дейін) берілді. Грант алу үшін business.enbek.kz порталы арқылы «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқуы қажет.

- I топтағы мүгедектігі бар адамдарға күтім жасайтын отбасы мүшелеріне жеке көмекші ретінде еңбек ақысын төлеу және жұмыс уақытын еңбек өтіліне қосып тіркеу мүмкіндігі енгізілді.

- ҚР азаматтарының мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған ішкі еңбек нарығын қорғау шараларын күшейту шеңберінде 2023 жылы шетелдік жұмыс күшін тарту квотасы өткен жылмен салыстырғанда 21,5%-ға қысқартылды.

- Жетім балаларға арналған 36 ұйым балаларды қолдау орталықтарына трансформацияланды.

- Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқығы мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды.

Бұған қоса, орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет жұмысының жаңа қағидаттары бекітілді. Бұл шаралар тиісті мамандардың тиімділігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Астана мен Алматы қалаларында, сондай-ақ Ақмола, Қостанай, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарында психологиялық қолдау орталықтары құрылды.

Бұдан бөлек, педагог-психолог қызметі цифрландырылды – бұл оларға консультациялық көмекке мұқтаж балалармен арнайы жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Мемлекеттік жастар саясаты

ҚР Мемлекеттік жастар саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды, ол жастарды әртүрлі мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуды кеңейту, жастар кәсіпкерлігін ынталандыру, жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету және т.б. көздейді.

- Биылғы 1 наурыздан бастап жас кәсіпкерлерге «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жылдық 2,5%-бен шағын несие беру көзделген. 7,4 мың өтінім қабылданды, 24,1 млрд теңге сомасына 5,3 мыңнан астам шағын несие мақұлданды.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).



ӘДЕБИ ЖАРЫС

«Жүйріктен жүйрік озар» челленджі:

АЙТЫС – ҚҰДІРЕТТІ ӨНЕР

«Думан» ықшамауданындағы №172 мектеп-гимназияда қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Айтыс – төл өнері халқымыздың» атты дәстүрлі айлық өткізілді. Бұл – қазақ халқының қайталанбас өнерін кеңінен дәріптеу, айтыстың түрлері мен ерекшеліктеріне тоқталу және шығармашылық қабілеттерді оятуға мұрындық болды. Бір айға жоспарланған айтыстың түрлі іс-шаралары жоспарланып, жетекшілер бекітілді. Салт пен сананы, дәстүр мен жаңашылдықты біріктіріп, ортақ ой мен шешімді көздеген ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер, түрлі сайыстар мен таныстырылымдар жас буынның белсенділігін ғана емес, дүниетанымының да жақсаруына әсер ете білді.

Алдымен пән мұғалімдері Гүлім Мамытбекова мен Рүстем Наркестің «Жүйріктен жүйрік озар» челленджі жолдап, шешендік өнер мәдениетінің баға жетпес мұрасы айтысты жан-жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриоттыққа баулу, дәстүрге деген құрмет сезімін оятуды көздеді. Челленджде әр бірлестіктен ұстаздар қызығушылық танытып, көкейді тескен кең мәселелерді шумақтар арқылы жеткізіп отырды. Музыка пәні мұғалімі Арайлым Әлібекова, қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Рыскелді Сабырбаев, Алмагүл Тәкішева, математика пәні мұғалімі Біржан Қашқынбаев, ағылшын тілі пәні мұғалімдері Аяжан Сабырбек, Жадыра Сыдықтың сөз тауып, айтқан ұйқастары көпшіліктің көңілінен шықты.

«Айтыс тарихы туралы не білеміз?»

«Айтыс – құдіретті өнер» атты ашық сабақты Динар Бижанова, Асел Мирзакеева мен Ақылбек Қашқынбаев өткізді. Жалпы, бұл сабаққа қайталанбас өнерімізді дәріптеу, оқушыларға айтыс түрлерін меңгерту, шығармашылықтарын ояту арқау болды.

Сондай-ақ, Мақпал Аманова, Майра Ибрагимова 6 «Ж» сынып оқушыларымен бірлесіп өткізген «Айтыс тарихы туралы не білеміз?» бейнеролигінің де берері мол болды. Тарихтың тұңғығына бойлай

отырып, қазіргі заманмен байланыстыра білген құнды деректер сарапталды. Ұмытылып бара жатқан көне сөздерден құралған жұмбақтар жасырылып, айтыспен байланыстырылды.

Ашық сабаққа мектеп директоры Әлия Сыбанқұлқызы қатысып, біліктілік пен білімнің шынын көрсете білген ұстаздарға, бар ынтасымен сабаққа қатысып отырған оқушыларға алғысын білдірді.

«Дәстүрлі өнерді дәріптей алдық па?»

Мектеп өмірінде пікірталастардың орны ерекше. Осы мақсатта пән мұғалімдері «Дәстүрлі өнерді дәріптей алдық па?» тақырыбында пікірталас сайысын өткізді. Талантты ұстаздар дайындаған оқушылар бастап, пікірсайысқа енді ғана қатысып жүрген жас фракциялар да өз ойларын ортаға салды. Қызыл тілдің сайрағанда көмейінің кең ашылатыны тәрізді, айтыстың құндылығы мен қажеттілігін сөз еткенде сөз етпеген жүрек қалмады десек, қателеспейміз.

Мектеп көлемінде ұйымдастырылған іс-шарадан ата-аналар да құр алақан қалмады. Жұлдыз Сырғабаева бен Гүлназым Нарбекқызының жетекшілігімен 14 ата-ана жиналып, түрлі кезеңдерде бақ сынады. «Квест» әдісі арқылы жасырылған сөйлемдерді таба отырып, шапшаңдық пен ерекше



қызығушылық таныта білді. «Айтыс – мәдениеттің мәрмәрі» тақырыбында 9-сыныптар арасында өткен сайысқа Мақпал Сембаева мен Жазира Ахмет жетекшілік етті.

«Қоғамдық ойдың қозғаушы күші»

Пән мұғалімдері Бибігүл Макеева мен Назгүл Бөлекбаева 10 «А» сынып оқушыларымен «Айтыс – қоғамдық ойдың қозғаушы күші» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді. Ой толғау барысында ауыз әдебиетінде ежелден келе жатқан поэзиялық жанрдың басты құндылықтарын дәріптей отырып, сөз өнері мен музыканың үйлесімін бағдарлап, суырыпсалмалық қасиетке бейімделе алды. «Болмасаң да ұқсап бақ» атты айдарда оқушылар белгілі тұлғалардың роліне ене отырып жұмыс жасады. Мысалы, айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерманның ролінде Сауытқан Айбарыс, айтыстанушы ғалым Қойлыбай Асановтың ролінде Әкімғожа Әділет, ақын әпкеміз Нұрзат Қарудың орнында Әбдібек Диана, ақын Серік Қалиевтің орнында Көлбай Бақдаулет, ақын Мұхтар Ниязовтың орнында

Құрманғазы Ғалым қатысты. Қоғам қайраткерлерінің роліне енген оқушылардың ойы тұшымды, айтқандары сан-салалы болып жатты. Айтыстың қыр-сыры мен қордаланған мәселелерге жауап таба отырып, болашақтың бағдарын жасай білген оқушыларға алғыс айтылды.

Аталмыш айлық аясында Алмагүл Тәкішева мен Назым Қосаева ұйымдастырған «Менің Қазақстаным» атты ұстаздар айтысы да өте тартысты өтті. Сонымен, 1-орынды музыка пәнінің мұғалімі Арайлым Әлібекова, 2-орынды математика пәнінің мұғалімі Біржан Қашқынбаев, 3-орынды қазақ тілі пәнінің мұғалімі Алмагүл Тәкішева мен музыка пәнінің мұғалімі Гүлнар Ақмұрзаш иеленді. Сондай-ақ, «Талантты ақын», «Дүлдүл ақын» номинациялары да өз иелерін тапты. Жеңімпаздарды мектеп директоры Әлия Сыбанқұлқызы, оқу ісінің меңгерушілері Анар Ахметбекова, Әмина Имашева, кәсіп-одақ төрайымы Жұлдыз Татиева құттықтап, арнайы сыйлықтар тарту етті.

Арайлым ХУДАЙБЕРГЕНОВА,
№172 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі.

ЫДЫРЫС МҰСТАМБАЙҰЛЫ – 125

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ
ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Ыдырыс Мұстамбайұлының туғанына 125 жыл толып отыр. Осыған орай «Тұран» университетінің Журналистика және аударма ісі кафедрасы «Ыдырыс Мұстамбайұлы: Тұлға. Азамат. Қайраткер» атты «Дөңгелек үстел» өткізді.



Өз заманынан озық туған Ыдырыс Мұстамбайұлының өмір жолы да жеңіл болмаған. Алаштың ардақты ұлдарының бірі болған азамат өз халқының кемел келешегі үшін зор жұмыс жасап, соңына мол мұра қалдырып кетті. Сол кездегі заманның қиындығына қарамастан басын бәйгеге тігіп, өз ұлтына адал қызмет етті. Ұлтқа қызмет етудің озық үлгісін көрсетті.

«Дөңгелек үстел» жұмысына қатысқан белгілі ғалымдар ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д, профессор Хангелді Әбжанов, Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ профессоры, т.ғ.к. Досалы Салқынбек, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының профессоры Серікқазы Қорабай, Алматы Энергетика және байланыс университеті, Қазақстан тарихы және мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к. Болат Қабдөшев, Алматы Технология университетінің оқытушысы Нұрлан Мұстамбаев, Алматы қаласы әкімі аппаратының Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бастығы Бақыт Қалымбет пен осы бөлімнің бас маманы Нұрмұқа Шәймерденов сөз алып, Ыдырыс Мұстамбайұлының қайраткерлігі мен күреске толы жолы туралы баяндады. «Аударма ісі» мамандығының студенттері Балжан Ертайқызы, Жансая Сақтапбергелі, Эльзара Абурауасул, Найля Максим өздері зерттеп жүрген осы тақырып тұрғысында баяндады.

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА

Қазақ білімін өркендету жолында аянбай еңбек еткен Тұрсын Мырзабекованың есімі ешқашан ұмытылмайды. Қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш ректор Тұрсын Мырзабекқызы еліміздің білім саласын жан-жақты дамытуға ерекше зор үлес қосып кетті. Дегенмен, «қазақтың Таңшолпаны» атанған тұлғаның есімін жиі еске ала бермейміз. Кезінде айтулы жанның өнегелі өмірі туралы деректі бір ғана фильм түсірілсе, қазір мәліметтер тек Қыздар университетінің мұражайында ғана тұр.



ҚАЗАҚТЫҢ ТАҢШОЛПАНЫ

Орта мектептен соң оқу ағарту институтына (қазіргі Қыздар педагогика университеті) оқуға түскен Тұрсын еңбек жолын Балқаш қаласында халыққа білім беру методісі болып бастайды.

Өз кезегінде Тұрсын Мырзабекқызы еліміздің барлық өңірінде абыроймен еңбек етіп, өз қолтаңбасын қалдырған жан. Мәселен, Қарағанды қаласында тарих пәнінің мұғалімі, Алматы қаласында Халыққа білім беру комитетінің мектепке дейінгі бөлімінде меңгерушілік, 1938–1945 жылдар аралығында Шымкент қаласында тарих пәнінің мұғалімі, сонан соң орта мектепте директор болып қызмет етеді. Жауапкершілігі мен еңбексүйгіштігінің арқасында Шымкент қаласының Облыстық халыққа білім беру бөлімінде және қалалық атқару комитеті бастығының орынбасары қызметін атқарды.

Сонымен қатар, уақыттың қиындығына қарамастан өзінің білімін жетілдіріп, Мәскеу қаласындағы Орталық институттың мектепке дейінгі бөлімінде білім көтеру курсын да оқып бітіреді. 1945 жылы Ұлы Отан соғысы аяқталысымен, ашылғанына бір жыл ғана толған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына директорлық қызметке

тағайындалады. Білікті басшы студенттерге сапалы білім беру үшін, ең алдымен, профессор-оқытушы құрамына көңіл бөліп, аса білімді оқытушы-ғалымдарды шақырды. Осылайша ауылдан келген жастардың жан-жақты білім алуына толықтай мүмкіндік жасады. Сол уақыттарда қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов, Т.Тәжібаев, Ә.Марғұлан институтта еңбек ете жүріп, әдеби кештерге жиі қатысатын.

Институттың қазіргі бай кітапханасын ұйымдастыруда да Тұрсын Мырзабекқызының еңбегі зор. Ол тарих ғылымының кандидаты, доцент, СССР-дың «Еңбек Қызыл Ту ордені», «Құрмет белгісі» және көптеген медальдармен марапатталды, оқу-ағарту саласында үзбей көп жыл ұстаздық еткені үшін «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атаққа ие болды. Қала әкімшілігі Тұрсын Мырзабекованың есімін мәңгіге қалдыру үшін өзі еңбек еткен Қыздар университетінің қабырғасына мемориалдық тақта орнатты.

**Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.**



● МӘСЕЛЕ

ҚАРЫЗ ЖИНАУШЫ

коллектордан қорқудың қажеті жоқ!

Коллекторлар банктен несиені алуын алып, уақытында қайтара алмай жүргендердің туыстарына, тіпті жұмысына хабарласып жатады. Көбі қарыз алмас бұрын әр банктің шарттары мен ұсыныстарын зерттеп барып, тиімдісін рәсімдеу керек екенін білмейді. Егер коллекторлар борышкермен байланыса алмаса, оның туысы мен танысына қоңырау соғуы мүмкін. Бұл талап қарыз алушымен жасалған банктік қарыз шартында көрсетілуі керек. Несиені төлеуден гөрі алу жолы – оңай әрі жеңіл. «Азаматтар құқықтық сауаттың жоқтығынан қарызды заңға сүйеніп қайтару жолын білмейді», – дейді қаржы сарапшылары.

Негізі коллекторлық агенттік телефон арқылы келіссөздерді жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейін үш реттен артық жасамауы керек және бөгде телефон нөмірінен қоңырау шалуына болмайды. Коллекторлық агенттіктердің борышкерлермен байланыс жүргізетін барлық телефон нөмірі ресми түрде тіркелуге тиіс әрі коллекторлық агенттіктер бұл жайында қаржы реттеушісі хабарлар етеді.

Коллекторда мүлікті алып қою құқығы жоқ. Мұндай құқық тек сот орындаушысына тиесілі. Сондықтан коллектордан мүлікті тартып алады, шоттарды бұғаттап, шетелге шығуға шектеу қояды деп қорқудың қажеті жоқ. Борышкердің мүлкі тек сот шешімімен ғана алынады. Коллектор мерзімі өткен берешектің бар екені және оны сотқа дейін реттеу қажеттігі туралы ғана хабарлайды.

Банктегі қарыз бойынша ескертуден үйге келген нотариалдық атқарушылық жазбаның, сот шешімі мен сот үкімінің маңызын түсінбейтіндер бар. Мысалы, кейбір азаматтар соттан келген шешім немесе сотқа шақырту туралы хабарламадан қорқып жатады. «Соттайды» деп ойлайды. Сондықтан ұялы телефонның көтермей, несие төлеуден қашып жүреді. Сот үкімі тек қылмыстық іс, ал шешім азаматтық істер бойынша шығарылады. Сондықтан соттан келген шешім – үкім емес. Сот үкімін орындауға міндетті, ал сот шешімінің күшін жоюға болады. Сот үкімі мен шешімі екі бөлек нәрсе. Ал нотариалдық атқарушылық жазбаға басқаша қарайды. Ол соттан емес, нотариустан келгеннен кейін жазбаға атүсті қарап, мән бермейді. 10 күн ішінде борышкердің тарапынан наразылық болса, нотариус берген жазбаның күші жойылады. Азаматтар нотариустан келген атқарушылық жазбаның күшін жою үшін арыз жазбайды. Кейін бұл жазба күшіне еніп, борышкердің шотына бұғат қойылады.

Коллекторлық қызмет туралы Заңда коллекторлар хабарласқан кезде жазбалары аудио нұсқада жазылу керек екендігі көрсетілген. Коллектор борышкерге хабарласқан кезде өзінің аты-жөнін, коллекторлық компанияның атын, банк немесе микроқаржылық ұйым коллекторлық компанияға осы істі берген кездегі жасалған келісімнің көшірмесін беруге тиіс.

Жақында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова банктер мен микроқаржы ұйымдарының жеке несиелерді коллекторлық агенттіктерге сағуына тыйым салуды ұсынды. Агенттік төрағасы қазір банктер мен микроқаржы ұйымдары жеке несиелерді коллекторлық агенттіктерге айтарлықтай жеңілдікпен сатып жатқанын атап өтті.

«2019 жылдан бері коллекторлар мен жеке сот орындаушыларына қатысты шағымдар көп түсе бастады. Оның себебі, сол жылдан бастап микроқаржылық ұйымдардан қарыз алу белең алды. Микроқаржылық ұйым туралы Заң 2007 жылы бекітілгенімен, 2020 жылға дейін несие беретін бұл ұйымдар туралы айтарлықтай мәселе болмады. Тек сол жылдан бастап елдегі эпидемиалға, азаматтардың жұмыссыз қалуына байланысты көбі көшеде тұратын сенімсіз терминалдардан несие ала бастады. Өкінішке қарай, микроқаржылық ұйымдардың сыйақылары заңға қайшы. Заңда ең көп үстеме төлем 56 пайыз болса, қаржылық ұйымдар заңды ескермей, 100, 200 пайызға дейін еселейді. Одан бөлек, микроқаржылық ұйымдардың көбінде лицензия жоқ. 2021 жылдан бастап коллекторлық компанияларға лицензия алу талабы қойылды. Егер азаматтар микроқаржылық ұйымнан қарыз алып, бірақ ұйымның лицензиясы бар-жоғын білмесе, үстемесіз, негізгі қарызды ғана қайтаруы керек.

Заңгерлік кеңес сұрап келетін азамат-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

● ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

*** Егер «коллекторын» деп хабарласқан адам аты-жөні мен қай коллекторлық ұйымнан хабарласқанын айтудан бас тартса, қарызыңыз туралы ақпаратты айтпауға құқығыңыз бар. Коллектор болсын, өзге де қызметкерлер болсын, өзін толық таныстыруға міндетті. Өзін таныстырмаған адаммен сөйлесуге міндетті емессіз!**

*** Коллектордан аты-жөнін, мекеменің атауын, мекеменің бизнес сәйкестендіру нөмірін, мекеменің ресми телефондары мен электронды поштасын, сайтың сұрап алған жөн. Бұл ақпарат шағым жазған кезде керек болады.**

тардың 80 пайызының есепшоты бұғатталған. Яғни олардың қарыз істері бойынша нотариалдық атқару жазба мен сот шешімі шығып, сот орындаушылары олардың шотына, нотариалдық әрекеті мен шетелге шығу құқығына тыйым салған.

Борышкердің қарызы заң бойынша 150 мың теңгеден асса, шетелге шығуға тыйым салынады. Шотына бұғат қойылған қойылмағанын, қай тараптан қойылғаны туралы ақпаратты қайдан алуды білмейтіндер көп. Әділет министрлігінің ресми сайтынан өзінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) арқылы қай жерде, қандай қарызы барын біле алады.

Екінші мәселе – коллекторлардың борышкерлерге деген қарым-қатынасы өте нашар. Неше түрлі балағат сөз айтып, қорқытады. Борышкердің туыстарына, тіпті көршілеріне хабарласып, жөнсіз мазалайды. Коллекторлық қызмет туралы Заңдағы ережелерге сәйкес коллекторлар борышкер қарыз алған кезде өзі көрсетпеген үшінші тұлғаға хабарласуға

құқығы жоқ. Борышкер несие немесе микроқаржылық ұйымнан қарыз алғанда 2 тұлғаның (туысы, танысы) нөмірін береді. Коллекторлар сол 2 тұлғаға ғана хабарласа алады. Заңда үшінші тараптардың ішінде әсіресе, жұмыс берушілерге хабарласуға қақысы жоқ деп анық жазылған. Коллекторлар бұл заңды елемей, борышкер жұмыс істейтін жерге дейін хабарласады.

Тұлғаның қарызы туралы ақпарат – конституциялық жеке дербес дерек. Азаматтың несие барын үшінші тарапқа айтқаны үшін коллектор жауапқа тартылуы керек.

ҚР Азаматтық кодекстің 725-1 бабына сәйкес, алған қарыз қаншаға еселенсе де, 100 пайыздан аспайды. Мәселен, борышкер 1 млн теңге қарыз алса, оның үстеме төлемімен бірге негізгі қарызды қоса алғанда, барлығы 2 млн-нан аспауға тиіс. Ал микроқаржылық ұйымдар борышкердің қарызынан бірнеше есе пайда көріп отыр. Мұндай заңсыз әрекетке тыйым салынуы керек», – дейді заңгер Меруерт Мұқажан.

● КӨШІ-ҚОН

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРА



заңсыз жүрген 277 шетелдік анықталды

Алматы қаласында жергілікті полиция қызметінің көмегімен заңсыз көші-қон деректерін анықтауға бағытталған бірлескен жедел-профилактикалық іс-шара жүргізіліп жатыр.

(Сурет: Polisia.kz)

Көші-қон қызметінің мәліметінше, құрылыс нысандарын тексеру нәтижесінде Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзған 277 шетелдік анықталды, олардың 28-і алыс шетелдердің: Нигерия – 11, Түркия – 19, Үндістан – 3, Филиппин – 2,

Қытай – 1, Иран – 1, сондай-ақ көршілес елдердің 249 азаматы: Өзбекстан – 184, Ресей – 38, Тәжікстан – 18, Түркіменстан – 4, Әзербайжан – 3, Қырғызстан – 1 және Украина – 1.

Жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ 145 шетел азаматы қабылдап-таратуға орналастырылса, тағы 62-сі сот шешімімен елден шығарылды. Сонымен қатар, шетелдіктерді шақыру ережелерін бұзған және олардың дер кезінде елден шығуын қамтамасыз етпеген 82 заңды тұлғаға шара қолданылды.

● ПОЛИЦИЯ

ЕСІРТКІ ЗЕРТХАНАСЫ ЖАБЫЛДЫ

Жедел қызметкерлер Алматы қаласында Жамбыл облысының екі тұрғынын ұстады. Олардың автокөлігінің салонында 152 кг гашиш табылып, тәркіленді. Алматы полицейлері қаланың 24 жастағы тұрғынын ұстады, оның көлігінде сатуға дайындалған 1,2 кг психотроптық зат мефедрон табылды.

Семейлік полицейлер интернет-дүкеннің есірткі жасырушысы болып жұмыс істейтін Павлодар облысының екі тұрғынын құрықтады. Олардан бір кг «а-PVP психотроптық заты тәркіленді.

Есірткі зертханасын ұйымдастырғаны үшін Алматы қаласының тұрғыны ұсталды. Тінту барысында оның жалдамалы пәтерінен есірткі жасау үшін пайдаланылатын жабдықтар, екі шыны колба, канистр және 1,5 кг мефедрон табылып, тәркіленді.

Алматы облысы Ұзынағаш кентінде полиция қызметкерлері есірткі зертханасын ұйымдастырғаны үшін Алматы қаласының екі тұрғынын ұстады. Үйдің аумағында орналасқан контейнерді тінту барысында үш тоннадан астам прекурсор, электрондық таразылар, реактор, шыны колбалар және 30 кг дайын мефедрон психотроптық заты тәркіленді.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



БОКС

АЛМАТЫ ҚОРЖЫНЫНДА –
1 АЛТЫН, 4 ҚОЛА

Елорданың Beeline Arena спорт кешенінде ұйымдастырылған бокстан ерлер арасындағы Қазақстан Спартакиадасы өз мәресіне жетті.

Бір аптаға жалғасқан байрақты бәсекеде еліміздің үздік боксшылары бақ сынап, турнир қорытындысы бойынша әр салмақ дәрежесінде еліміздің бірінші нөмірлі боксшылары анықталды және ұлттық құрама жаңадан жасақталды.

4 жылда бір ұйымдастырылатын айтулы бәсекеде 13 салмақта 176 спортшы жүлдеге таласты. Турнир нәтижесі бойынша әр салмақтағы финалдық кездесулер мынандай нәтижемен аяқталды:

48 келіде Теміртас Жүсіпов (Ақмола облысы) Асхат Жүсіповті (Астана) 5:0 есебімен жеңді. 51 келіде Сәкен Бибосынов (Түркістан облысы) Санжар Тәшкенбайдан (Астана қ.) 5:0 есебімен басым түсті. 54 келіде Нұрсұлтан Алтынбек (Қызылорда облысы) Кенже Мұратұлын (Алматы облысы) 5:2 есебімен, ал 57 келіде Махмұд Сабырхан (Шымкент қ.) Оразбек Асылқұловты (Ақмола облысы) 5:0 есебімен жеңді. 60 келіде Жексен Бейбарыс (Жамбыл облысы) Руслан Күзеубаевтан (Абай облысы) 5:0 есебімен басым түсті. 63,5 келіде Серік Теміржановты (Павлодар облысы) Мұхаммедсабыр Базарбайұлы (Түркістан облысы) 1:4 есебімен жеңді. 67 келіде Дулат Бекбауов (Жамбыл облысы) Бахтияр Смағұловты (Павлодар облысы) 5:0 есебімен жеңсе, 71 келіде Сабыржан Аққалықов (БҚО) Талғат Шайкенте (Ақмола

облысы) 0:5 есебімен есе жіберді. Сондай-ақ, 75 келіде Нұрқанат Райыс (Атырау облысы) Диас Молжігітовке (Жамбыл облысы) 0:5 есебімен жол берді. 80 келіде Бекзад Нұрдәулетовтен (Маңғыстау облысы) Нұрбек Оралбай (Астана қ.) 2:5 есебімен басым түсті. 86 келі. Темірлан Мұқатаев (Астана қ.) Абзал Құттыбековты (Түркістан облысы) 5:0, 92 келіде Айбек Оралбай (Астана қ.) Сағындық Тоғамбайды (Түркістан облысы) 4:1, ал +92 келіде Дамир Тойбай (Алматы қ.) Аманат Сабырғалиды (Атырау облысы) 5:0 есебімен жеңді.

Турнирдің ең үздік боксшысы ретінде Сәкен Бибосынов марапатталды.

Жалпы есепте Астана қаласы (3 алтын, 2 күміс) үздік болды. Екінші орынға Жамбыл облысы (3 алтын) жайғасты. Үшінші-төртінші орындарды Түркістан облысы (2 алтын, 2 күміс, 1 қола) және Ақмола облысы (2 алтын, 1 күміс, 1 қола) иеленсе, Алматы қаласы 1 алтын, 4 қола жүлдемен алғашқы бестікті түйіндеді.

Айта кеткен жөн, спартакиадада топ жарған былғары қолғап шеберлері келесі жылға жоспарланған халықаралық жарыстар мен Олимпиада ойындарына лицензия беретін турнирлерге қатысады.

Қазіргі таңда бокстан Қазақстан ұлттық құрамасында Париж Олимпиадасының екі жолдамасы бар. Аса ауыр салмақтағы Қамшыбек Қоңқабаев пен қыздар арасындағы Карина Ибрагимова жуырда ғана Қытайда өткен Азия ойындарында лицензияға ие болған еді.

«Бокстан елордада ұйымдастырылған республикалық спартакиада бәсекесі аяқталды. Жарыстың соңғы күніндегі финалдық жекпе-жектер көпшілік күткендей өте тартысты өтті. Елорда шаршы алаңында еліміздің ең үздік боксшылары мен әр жылдардағы 6 әлем чемпионы қолғап түйістіріп, жанкүйерлерге өз шеберлігін паш етті. Жарыс барысында төрешілер әділ жұмыс істегенін, ал ел спартакиадасы өте жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өткен жөн. Апта бойы боксшыларға қолдау білдіріп, жарысты тамашалаған елорда тұрғындары мен қонақтарына ерекше алғысымды білдіргім келеді. Олар сүйікті боксшыларына соңына дейін болысып, спорт кешенін нағыз бокс думанына бөледі», – деді Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

СПОРТТЫҚ ДРАМА

КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Бұл түсірілім Бразилияда өткен алғашқы қазақстандық фильм

Бразилияда футбол туралы тұңғыш қазақ спорт драмасының түсірілімі өтті. Фильмнің премьерасы 23 қарашада көрсетіледі.



Осы аптаның бейсенбісінде «Арғымақ. Небесные кони» спорттық драмасы қалың көрерменге жол тартады. Туындыда балалар үйінің тәрбиеленушілерінен құралған футбол командасының қалыптасу хикаясы баяндалады. Бұл – түсірілімі Бразилияда өткен алғашқы қазақстандық фильм.

Сюжеттің негізгі кейіпкері – Мұхтар есімді бұрынғы футболшы. Бала кезінде ол үлкен психологиялық жарақат алған: туған ағасы атакты «Пахтакор» футбол клубының мүшесі болған, сөйтіп, 1979 жылы бүкіл командасымен бірге әуе апатында қаза болған. Осы қайғылы оқиғадан кейін Мұхтар футболды жек көріп кеткен, сондай-ақ өмірінің мәнінен айырылған...

Араға қырық жыл салып, оған балалар футбол клубының бапкері болуға тура келеді. Клубты жергілікті қылмыскер алпауыты ақша жылыстату үшін құрған. Командаға балалар үйінің тәрбиеленушілері алынды. Бастапқыда Мұхтар сөз жүзінде ғана бапкер болып, жұмысынан қашақтап жүреді. Алайда, кейін жетімдер үйінен шыққан балалардың жетістікке жету жолындағы ынтықсын көріп, Мұхтар өзгере бастайды. Оның өмірлік мақсаты, ал балалардың – үлкен арманы пайда болады: Бразилия футбол чемпионатында жеңіске жету.

САМБО

ТАРИХИ ЖЕҢІСКЕ
ҚАЛАЙ ҚОЛ
ЖЕТКІЗДІК?

Әр чемпионның артында оны бағып-қағып спортқа әкелген ата-анасы, қиын жағдайда қолдау болған командасы және бар күш-жігерін тәлімгеріне арнайтын жаттықтырушылары тұрады. Қандай чемпион болмасын, өз жаттықтырушысының еңбегін ашық айтады, әрдайым оларға алғыспен жүреді. Самбодан Ереванда өткен әлем чемпионатындағы тарихи алтынға қол жеткізген Арайлым Әбеннова да алғашқы сұхбатында жаттықтырушысы Нұржан Жұмажанға алғыс білдіріп, бапкерінің ерен еңбегін атап өтті. Осы орайда біз дзюдо, самбо күресінен спорт шебері әрі жаттықтырушы Нұржан Жұмажанмен әңгімелескен едік.

– Тарихи жетістікке жеткен бұл турнирге Арайлымның дайындығы қалай болды?

– Арайлымның чемпион болуы бір жылдық еңбек емес. Ол кішкентайынан спортқа қызығып, өзін жастайынан шыңдап келеді. Былтыр әлем чемпионатында 3-орын иеленді. Биыл барлық жарыстардың актық айкастарына шығып келеді. Өткен жылы өзі жеңіліп қалған ресейлік балуан қызды биыл 6:0 есебімен айқын басымдылықпен жеңіп, чемпион атанды. Арайлым қыздар арасында аса ауыр салмақтағы Қазақстаннан шыққан алғашқы чемпион болды.

– Команда жалпы есепте 3-орын иеленді. Ал жалпы құраманың дайындығы қалай болды?

– Командалық құрам мықты болды. Құрамадағы қыз-жігіттеріміз барын салып күресті. Бұл жарысқа 65 елдің белді де беделді спортшылары қатысып, бақ сынады. Біздің елдің қоржынында екі күміс және бес қола болды. Дегенмен, соңғы болып, ауыр салмақта Арайлым тарихи жеңіске қол жеткізіп, алтынның арқасында жалпы есепте 3-ші орынға табан тіредік.

– Чемпион болу үшін спортшы не істеуі қажет?

– Спортшыға, алдымен, темірдей тәртіп керек. Жаттығуда ерінбей, өз мақсатына жетуге күш салуы қажет. Меніңше, табандылық танытқан әрбір адам жеңіске жетеді. Мейлі ол спорт, мәдениет, кәсіп болсын. Өз-өзіне сенімді, күші адал адамның еңбегі зая кетпейді. Жас спортшылардың барлығы алғашқы жылдары жеңіске жете бермеуі мүмкін, бірақ ол да жігер береді. Жас кездегі жалынды лаулата білген жаттықтырушы мықты спортшыны тәрбиелеп шығара алады. Ақыл мен күшті біріктіріп, әртүрлі тактикаларды ойластырған адам сол жарыста жеңіске жетеді. Спорт тек күштен тұрмайтынын естен шығармаған жөн. Сондай-ақ, өзіңе лайықты қарсылас табу да бір бақыт. Сен одан жеңілсең, келесі жолы есе жібермей жеңуге ұмтылып, бар күшіңмен жаттығып дайындаласың. Сол себептен, жас спортшыларға айтарым, бір рет құласаң, жүз рет тұр. Жеңіске жетуге сенімді болсаң, өз арманыңды жүзеге асыр.

– Самбо мен қазақ күресінің ерекшелігі қандай?

– Бұл екі спорттың бір-бірінен ерекшелігі – самбо күресінде партер деген бар. Жатып күресу, отырып күресу, аяқ пен қолды ауырту әдістері. Ал қазақ күресінде тұрып күресеміз, партер, ауырту әдістері жоқ. Бірақ кейбір әдістер екеуінде де бар. Спорттың өзі түсінген адамға күрес деп айтуға болады. Дегенмен, екеуінің де өзіндік ерекшеліктері бар.

– Ереванда өткен жарысты қорытындылап кетсеңіз.

– Самбо күресінде қыздар арасында бұған дейін чемпиондар болған. Бұл 27-ші алтын. Қыздар арасында 5-ші алтын. Дегенмен, ауыр салмақта біздің қоржында алтын болмаған еді. Енді, міне, Арайлым чемпион атанып, елімізде самбо спортының тарихына енді. Ол бұл жеңіске өз бабында келді. Чемпион атануға бар күшін салды, өзіне сенімді болды. Дегенмен, жарыста жеңіске жетіп, қобалжып, өзінің чемпион болғанына сене алмай, бақытты болып жүр. Мен Арайлым үшін қуаныштымын, болашақта одан да үлкен белестерді бағындыратын дарынды, талапты спортшы боларына сенімдімін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 Жеке жазылушылар үшін

6433,44 теңге

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

Әсел ТАШИБАЕВА

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Aqparat» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет **сейсенбі, бейсенбі, сенбі**

күндері шығады.

Апталық

таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VPY00026040

күзегі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның

компьютер орталығында теріліп,

беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің

электронды нұсқасы

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортндағы

жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«ҚАРЫЗДЫ ТӨЛЕ – ӨСІМПҰЛДЫ АЛЫП ТАСТАЙМЫЗ!»

науқаны жалғасып жатыр?

Алматыда жылыту және
быстық сумен жабдықтау
қызметі үшін коммуналдық
кәсіпорын алдындағы
қарызды айыппұлсыз төлегісі
келетін жылу энергиясын
пайдаланатын тұтынушылар
үшін «Қарызды төле –
өсімпұлды алып тастаймыз!»
атты науқан жалғасып
жатыр.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС
мамандарының хабарлауынша, нау-
қан басталған бір ай ішінде берешек-
терінің жалпы сомасы 19 143 333,28
теңге 171 борышкер өсімпұлды алып
тастау мүмкіндігін пайдаланды,
акция аясында жалпы сомасы 9 154
707,59 теңге өсімпұл есептен
шығарылды. Естеріңізге сала
кетейік, науқан 2023 жылғы
29 желтоқсанда аяқталады.

Бұл өсімпұлды үнемдеумен
бірге, мүлікке, сонымен қатар
борышкердің банктегі есеп шотына
салынған шектеулер мен тыйымды
алып тастауға мүмкіндік береді.

Науқанға қатысу үшін биыл 29
желтоқсанға дейін берешекті толық
төлеп, «Алматы жылу жүйесі»
ЖШС-на өтінішті, жеке басын
куәландыратын құжаттың көшірме-
сін, төлем туралы кассалық чекті
info@alts.kz электрондық поштаға
ұсыну қажет немесе сол аумақта
орналасқан тұтынушыларға қызмет
көрсету орталықтарының біріне
жүгіну керек.

Алматылықтар 341-07-77 нөмі-
ріне қоңырау шалу арқылы АлЖЖ
анықтамалық қызметіне хабарласу
арқылы берешек туралы ақпарат
немесе жылу энергиясын есептеу
бойынша кеңес алуға болады.
Хабарлама үшін +7 (701) 027-11-20
WhatsApp нөмірі де жұмыс істеп
тұр. Ал қарыз төленбеген жағдайда
борышкерге жылу беру тоқтатылып,
берешек сот арқылы өндіріліп
алынады.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген иінінтірегі клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану
кезінде газдан ажырату автоматика-
сымен табиғи және тұншықтырғыш
газдың шығуын
сезетін сигнал
берушілерді
орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛЫТУ
МАУСЫМЫНДА
69 АДАМ ЗАРДАП
ШЕКТІ
34 АДАМ ҚАЙТЫС
БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ
жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін
сақтамау іс барысындағы заң бойынша
жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы,
құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер,
қан қысымының көтерілуі



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір
спиртін иісетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.



- Уланған жағдайда далаға шығу керек. Еркін
тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге
жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы,
естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану,
сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы
(адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



БРИФИНГ

ЕМХАНАНЫҢ ҮЙ МАҢАЙЫНДА БОЛҒАНЫ ТИІМДІ

Тіркелу науқаны кезінде тұрғындардан 45 мыңнан астам өтініш түсті

Баршаға мәлім, кейінгі екі ай ішінде елімізде
**15 қыркүйек пен 15 қараша аралығында емханаларды
еркін таңдау бойынша жыл сайынғы тіркелу науқаны
өтті. Алматыдағы емханаларға тіркелу науқаны кезінде
тұрғындардан 45 мыңнан астам өтініш түскен. Бұл
туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында
өткен брифингте сала мамандары айтты.**



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Тіркеу науқаны кезеңінде бар-
лығы 45950 өтініш түсті, оның
ішінде 38667 жеке тұлға (84,2%-ы)
eGov.kz порталы арқылы жолдаған,
ал 7283-і (15,8%) қағаз түрінде
өтініш берген. Жолданған сұрау-
лардың 36635-і (79,7%-ы) мақұл-

данды. Жазбаша өтініштердің ең
көбі 91-емхана (2858 өтініш) мен
және «№1 Nurlab medical clinic»
ЖШС-не (2654) келіп түскен. Ал
eGov.kz порталы арқылы «KazMed
Company» ЖШС-не 7345 өтініш,
«91-емхана» ЖШС-не 6815 өтініш,
«№1 Nurlab medical clinic» ЖШС-
не 5572 өтініш түскен», – деді
Алматы қаласы Қоғамдық ден-
саулық сақтау басқармасының
емдеу-профилактикалық қызмет

және мониторинг, талдау, цифр-
ландыру және мемлекеттік қызмет-
тер бөлімінің басшысы Ләйла
Иманғалиева.

БАҚ өкілдерінің сауалдарына
жауап бере отырып, Гүлнар
Бісқакова халықтың әрқашан
таңдау құқығы бар екенін атап өтті.
Бұл ретте адам емхананы науқан
кезінде ғана емес, жылына бір рет
еркін түрде таңдай алады.

Мамандар емхананы тұрғы-
лықты мекенжайыңыз бойынша,
үйіңіздің маңайынан таңдаған
дұрыс деп санайды. Себебі, дәрігер-
ге қаралу қажеттігі туындап қалса,
уақытыңызды жоғалтпайсыз.
Жылына кемінде бір рет флюоро-
графиялық тексеруден және
профилактикалық скринингтерден
өту үшін де емхананың жақын
маңда болғаны тиімді.



РУХАНИЯТ

Қазақ пен жапонның ауылы алыс болғанымен, көңілі жақын. Алматыдағы Ұлттық музейде өткен «Жапонияның мәдениет күндеріне» арналған іс-шарасынан кейін осындай әсер алуға болады.



Естай
БОЖАН

Музей қонақтарына жапон мәдениетін жан-жақты таныстыратын іс-шара 18 қараша күні түс әлетінде Ұлттық музейде бас-талған болатын. Оған Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Жун Ямада мырза арнайы қатысты. Іс-шараның ашылу рәсімінде «Қазақтар мен жапондар – мәдениет жағынан көп ортақтыққа ие бауырлар» екеніне маңыз берді.

«Қазақстанға дипломатиялық миссиямен келгеннен кейін біздің сырт келбетіміз ғана емес, ой-санамыз бен мәдениетіміз жағында да көп ортақтық бар

екенін біліп таңқалдым. Әрі терең әсер алдым. Бытыр Жапония мен Қазақстан дипломатиялық байланыс орнатқандарының 30 жылдығын бірге атап өтті. Осы аралықта Жапонияда білім алып жатқан қазақстандықтардың саны жылдан-жылға артып келеді. Бұл бізді қуантады», – деді Жун Ямада мырза.

Рәсімде жапон жұртының символына айналған ұлттық биі көрсетілді, ұлттық музыка аспабы – шамисендегі тамаша күйі музейдің күмбезді залын күншығыс әуенімен көмкерді. Бұдан бөлек, жапон семсерлесу өнері кендо қайқы қылыштарын сермеген қазақстандық шеберлер Қазақстан мен Жапония арасындағы мығым мәдени байланысты суреттегендей болды.

Елімізде жапон мәдениетіне қызығушылықтың жоғары екенін музей залына жиналған көрермен санынан да білуге болады. Атаулы мәдени іс-шара аясында Ұлттық музей ғимаратының әр бұрышында жапон халқының тағам мәдениеті, ұлттық өнері, қола-

ҚАЗАҚ – ЖАПОН

мәдени байланыстары нығайып келеді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

нері мен жауынгерлік өнері таныстырылды. Жапонның дамыған жаңа технологиялық жетістіктері де ұмыт қалмады. Тіпті, елімізде

жоғары сатылымға ие автокөліктері – Toyota Camry мен Lexus RX көліктері де Ұлттық музей ғимаратының алдына қойылған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рашида ШАРИПОВА,
Мемлекеттік ұлттық музей директоры:

Дәстүрлі шаралар жалғасады

Өткен аптада ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Жапония елшісін қабылдаған болатын. Сонда Қазақстан мен Жапония арасында экономикалық байланыстар ғана емес, мәдени қарым-қатынасты да тереңдету мәселелерін көтерген еді. Бүгінгі іс-шара сол кездесудің жүзеге асып жатқан идеясы деуге әбден болады. Көріп тұрсыздар, қатысушылардың қатары мол. Себебі, екі халықты шекаралар бөліп жатқанымен, мәдениет жағынан екі халықтың жақындығы айрықша байқалады. Ұлттық музей ұжымы мұндай іс-шараларды жыл сайын ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған, әр айда әлемдегі әртүрлі халықтың мәдениетін отандастарымызға жан-жақты таныстырып келеміз.

ӘЛЕУМЕТ

Үстел теннисінен «Спешиал Олимпикс» қалалық турнирінде «Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығының мүмкіндігі шектеулі жас спортшылары жүлделі орындарға ие болды. Мерейі үстем болған өрендер – Самохвалов Моисей, Кисамедин Дана және Толстухин Захар.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бұл орталық Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарайды, қызмет алушыларға күндіз және үйде арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Қызмет көрсетілетін 240 адамның ішінде психоневрологиялық патологиялары және тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар 1,5–18 жас аралығындағы балалар, сонымен қатар психоневрологиялық аурулары бар ересектер де тіркелген. Олар күнін босқа өткізбеуі үшін спортқа тарту, әлеуметтенуіне және қоғамға бейімделуіне көмектесу сынды іс-шараларға тартылады. Солардың бірі – бүгінгі үстел теннисі.

Бұл жоба «Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығы, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен ақыл-есі кем адамдарға арналған «Спешиал Олимпикс Қазақстан» ҚБ спорт ұйымы арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум негізінде ұйымдастырылған.

«Спешиал Олимпикс» турниріне 6 команда қатысты. «Аяла» орталығының командасынан басқа, ақыл-есінің дамуында кемшілік бар балаларға арналған №7 түзету мектеп-интернатының 3 командасы және «Алатау» мен «Сенім» орталығының командалары болды. Үстел теннисі турниріне 14–35 жас аралығындағы қатысушылар қатысты.

«Аяла» тәрбиеленушілері бұған дейін республика бойынша өткен жүзу, боулинг жарыстарына да қатысқан. Дәлірек айтсақ, жазда Ақтөбе қаласына жүзуден өткен жа-

«АЯЛА» ОРТАЛЫҒЫ

мүмкіндігі шектеулі балалардың мүмкіндігін кеңейтіп отыр



рысқа, сондай-ақ Шымкентке боулинг жарысына барып, екі рет жүлделі орындарға ие болды. Сондай-ақ, жуырда Республика күніне арналған, Алматы қаласы Спорт басқармасы жанындағы «Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған» Алматы спорт клубының жүзу бойынша қалалық турниріне қатысты. Бадминтоннан өткен қалалық турнирлерде де, Senior шағын футболдан өткен халықаралық турнирде де мерейі үстем болып, жүлделі 3-орынды иеленген.

«Аялаға» 2011 жылдан бері келіп жүрген, спортқа жаны жақын Андрей Снегиревтің айтуынша, кез келген әрекет сенімділік пен батылдық сыйлайды.

«Егер әркім дене шынықтырумен айналысса, қандай да бір спортпен шұғылданса,

онда бәріміз жетістікке жетеміз. Егер сіз өзіңізді спорттан тапсаңыз, жарыстарға қатыссаңыз, онда өмірде бәрі оңайырақ болады. Бірақ спорт жарыстарында жеңіске жету маңызды емес, мен үшін ең бастысы – қатысу», – дейді Андрей.

Айта кету керек, мүмкіндігі шектеулі балаларды спорттық өмірге көбірек баулу үшін бүгінгі күні «Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығы «Спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат-колледжімен» ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Оның базасында орталықтың балалары мұз айдыны мен футбол алаңына барады, онда апта сайын 2 сағат жаттығады. Міне, мүмкіндігі шектеулі жандар да мемлекет қамқорлығында.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрғайым ДҮЙСЕНБАЕВА,
«Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығының директоры:

Табанды және жігерлі болуды үйренеді

Мұндай жарыстарға қатысу онсыз да жүйкесінде кінәраты бар адамның ойынның бөлінуіне, артық мазасызданып кетпеуіне демеу болады. Сонымен қатар, қалыпты да тұрақты жаттығулар концентрацияны жақсартады. Қан айналымының жақсаруы мидың жұмысына жақсы әсер етеді.

Командалық ойындарға қатысу арқылы бала күнделікті өмірде маңызды, денсаулық пен психологиялық жағдайға жағымды әсер ететін дағдыларға ие болады. Спорт кезінде балалардың бұлшықеттері жұмысын күшейтіп, буындары мен сіңірлері қатайды. Мұндай жарыстар балаларға эмпатия қабілетін дамытуға, қарсыластарына құрметпен қарауға көмектеседі. Олар командамен бірігіп жұмыс істеуді, табанды және жігерлі болуды үйренеді. Жарыстардағы қойылымдар зейінді арттырып, қобалжуды жеңуге көмектеседі. Шын мәнінде, физикалық белсенділік когнитивті өнімділікті жақсартады, көптеген аурудың қаупін азайтады, ұйқы мен көңіл күйді жақсартады және өзін-өзі бағалай білуді үйретеді.

